Бұл әдістің негізгі идеясы – тарту портфеліне кіретін әр түрлі ресурстар (жеке және заңды тұлғалардың депозиттері, клиенттердің есептік шоттарындағы қалдықтары, депозиттік және жинақтау сертификаттары, вексельдер, пластик карточкалардың шотындағы қалдықтар және т.б) бір-бірінен құнды және қауырттық сипаттамасымен ғана емес, сонымен қатар уақыттың құбылмалылығымен немесе тұрақтылығымен ерекшеленеді. Бұдан басқа бұл топтарда ерекше шағын топтарды атап көрсетуге болады, олар өз кезегінде түрлі құбылмалы сипаттарға ие болады. Осыдан келе, ұзақ мерзімді операцияларға ұзақ мерзім барлық кезде қажет емес. Сонымен қатар қысқа мерзімде, бірақ едәуір тұрақты ресурстық базада болуы мүмкін деп болжауға болады. Тұрақты ресурстық базада ұзақ мерзімді салымдарды және жеткілікті ликвидтілікті қолдау үшін қосымша табыстарды алуда қолданылмаған потенциалдар жасырынған. Дәл осы тұрақты ресурстық база ұзақ мерзімдегі болашақта бәсекеге қабілеттілікті сақтап қалудың қажетті жағдайларын жасайды.

Ақшалай құралдардың (қаржы ресурстары) қалдықтарының тұрақтылығын белгілі бір уақыт аралығында олардың құбылмалылығын амплитуда коэффициентімен немесе стандартты көрсеткіштермен сипаттауға болады. Тұрақтылық критерийлеріне толық және адекватты баға беруге мүмкіндік беретін әдістердің бар болуы және қолданылуы үлкен деңгейде банкке осы критерийлерді қанағаттандыратын ресурстардың барлық түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Банк едәуір тартымды ресурстардың түрлерін анықтап алғаннан кейін өзінің тарту портфелін болжанған көлемде қалыптастыру үшін, клиенттердің шоттарындағы ақша құралдарының қалдықтарын болжанған көлемге дейін ұлғайтуға қол жеткізу үшін қанша және қандай клиенттерді тарту қажет екенін білу керек. Әсіресе, бұл жағдай «талап етілгенге дейін» шотындағы ақша құралдарының қалдықтары үшін өзекті болып табылады, мысалы заңды тұлғалардың есептік шоттарындағы ақша құралдарының қалдықтары [3].

Осылайша, тұрақты ресурстық базаның қалыптасу жағдайын келесі сұрақ түрінде құруға болады:

Банк ресурстардың қандай түрлерін белсенді түрде тарту,

2. Банк қандай клиенттерді тарту,

3. Тарту портфелінің болжанған көлеміне қол жеткізу үшін банк қанша және қандай клиенттерді тарту.

Бірінші және екінші сұраққа жауап беруге болады, егер тартылған ресурстардың тұрақтылығын сипаттайтын критерийлерді анықтаса және оларды бағалаудың әдістерін дайындаса. Тұрақтылықты сипаттайтын негізгі критерийлері болып белгілі бір кезеңдегі қалдықтардың құбылмалы амплитудасы және шоттағы төмендемейтін қалдықтың қолдау мерзімі табылады. Ақша құралдарының қалдықтарының құбылмалы амплитудасын бағалайтын критерий ретінде зерттелетін кезеңдегі (К) қалдықтардың орта көлемінің минималды мәнінің қатынасына баға беретін көрсеткіштерді, сонымен қатар қалдықтардың синхронды өзгеруін сипаттайтын көрсеткішті анықтауға болады. Осы көрсеткіштердің есептеу әдістері туралы нақты мәліметтерді тарту портфелінің оптималды құрылымы: клиенттердің "талап етілгенге дейін" шотындағы ақша құралдарының қалдықтарының тұрақтылығын бағалау". Осылайша есептелген көрсеткіштерді ортақ анализ арқылы өздерінің арасында тартудың әр алуан түрлерін салыстырады, мысалы жеке тұлғалардың салымдарына назар аудару және жинақтаушы сертификаттарды шығару, есептік - кассалық қызмет етуге назар аудару және пластикалық карточкалардың эмиссиясы, осыдан кейін осы анализдер негізінде тартудың бір түрін екінші түрінен жоғары бағалау туралы қорытынды жасайды.

Үшінші сұраққа жауап клиенттің шоты бойынша айналымның көлемі және оның шотындағы қалдықтың көлемі арасында белгілі байланыс бар деген болжамға негізделеді. Мысалы заңды тұлғалардың есептік шотындағы қалдық пен осы шоттар бойынша ақша құралдардың орта мерзімдік айналымы арасындағы байланыс болжанған. Болжанған тәуелділіктің түрі - абцисса осі бойынша жүргізілген парабола. Тиісті статистикалық зерттеулерді және есептеулерді жүргізгеннен кейін алғашқы болжамдар дәлелденді және математикалық модель жасалды, ол қалдық-айналым тәуелділігін сипаттайды және клиенттің есептік шотындағы ақша құралдарының қалдығын бағалауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп, банк клиенттердің шоттарындағы болжанған қалдыққа қол жеткізу үшін, есептік - кассалық қызмет көрсетуге қанша клиент тарту қажет екенін анықтап алу қажет. Осылайша, жеке тұлғаларға бұл модель жеке тұлғалардың табысы мен оның салымының мөлшері арасындағы тәуелділікті сипаттауы мүмкін - табыс-салым мөлшері. Сонымен, тартудың қай түрі қалдықтардың тұрақтылығымен ерекшеленетінін анықтап алып, ал осы түрлердің ішінде де олардың едәуір тұрақты топшаларды белгілеп, банк, қалдық пен айналым арасындағы тәуелділікке негізделіп, алдын-ала анықталған клиенттер тобын тату өзінің жұмысын болжауға болады. Тарту портфелінің қалыптасу және анықтау процессін қарастырайық:

Құндылық және жеделдік критерийлердің көмегімен тарту портфелінің жедел құрылымын анықтау, сонымен қатар ҚР Орталық Банкі бекіткен нормативке банк қызметінің активтердің болжанған құрылымына сәйкестігін анықтау [4].

Жалпы түрде оптималды тарту портфелінің қалыптасу процессін көп параметрлі оптимизацияны шешу жолы ретінде қарастыруға болады. Ұсынылған тәсіл – бұл тарту портфелінің қалыптасуы туралы шешім қабылау процессіне ықпал ететін көп түрлі факторлардың аз бөлігін ғана оқып үйрену. Ол тартылған ресурстарды активті операцияларда олардың болашақта максималды толық

пайдаланылуы және осыдан максималды пайда алу үшін пайдалылық позиция жағынан бағалайды. Дегенмен осы әдісті қолданудың көмегімен алынған нәтижелерді ескере отырып, банк, болашақта өзінің бәсеке қабілеттілігін сақтап қалу үшін қажет потенциалды қамтамасыз ететін, қосымша табыс алуға мүмкіндік беретін, оның ұзақ мерзімде және тұрақты тіршілік етуін қамтамасыз ететін ресурстық базаны қалыптастыра алады.

Банктік сектордағы бәсеке банктің шығындарын төмендету үшін және мүмкін болған қызмет түрінің барлығынан алынатын табыс ұлғаюы үшін кез-келген мүмкіндіктерді іздеуге мәжбүр етеді. «Қандай да бір артықшылықты иелену керек. Олай болмаған жағдайда табысқа жету қиын болады.» Мұндай артықшылықтарды алудың потенциалды мүмкіндіктері максималды тұрақтылықты иеленетін тарту портфелінің қалыптасу есебінен табыстың жоғарылауы және шығындардың төмендеуіне құрылады. Тұрақты ресурстық база банкті қажетті артықшылықтармен қамтамасыз етеді және болашақта оның дамуына потенциал жасайды, қазіргі қарқынды экономикалық ортаның даму жағдайында едәуір тұрақты етеді.

Тарту портфелінің құрылымының қалыптасуы туралы шешім қабылдаудың негізі болып өткен кезеңдегі шоттар бойынша тартылған ақша құралдардың қоғалысы туралы жүргізілген статистикалық мәліметтерге сүйену негізінде есептеу табылады. Бірақ өткенді шолатын статистикалық мәліметтер тартылған ақша ресурстар болашақта өсуі туралы болжамдар жасау үшін емес, осының негізінде клиенттерге қатысты өзінің қызметі туралы болашақ стратегияны жасау үшін қолданылады.

Банктің клиенттік базасы әр түрлі және көптеген заңды және жеке тұлғалардан тұрады. Мүмкіндіктердің барлығы (қажетті тарихи статистикалық база) және клиенттердің қаржыларының тұрақтылығын бағалау құралы банкке өзінің жұмысын тарту бойынша болашақта жақсы жоспарлауға мүмкіндік береді. Жоғары бәсекелілік жағдайында және клиентура үшін күресте бұл банкке потенциалды клиенттік базада нақты және сенімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде өз күшімен қаржыларын ұтымды және тиіді пайдалануға мүмкіндік береді [5].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Банковское дело. Учебник. / Под ред. Сейткасымова Г.С.- Алматы: Қаржы-қаражат, 2013 г.
2. Бункина Д. «Деньги, банки, валюта», Москва: АО Дис, 2014 г.
3. Виноградова Т.Н. Банковские операции: Учебное пособие. -Ростов н/Д: «Феникс», 2013.- 384с.
4. Дробозиной В.И. «Финансы, деньги и кредит», Учебное пособие для ВУЗов, 2014 г.
5. Иванов В.В. «Как надежно и выгодно вкладывать деньги коммерческие банки», Москва: Банки и биржа, 2014 г.



ӘОЖ 336.22

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУДАҒЫ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Жумадильдаев М., Айтбаева Д.Т.

«Қаржы және есеп» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Мақалада еліміздің салық органдарының қызметін жетілдіруде шетел мемлекеттерінің салық қызметіндегі тәжірибелерінің ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: Салық, салық салу, салық; жүйесі, органдары, тарифтері, төлеушілер, декларация.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности практики налоговой службы иностранных государств в совершенствовании деятельности налоговых органов страны.

Ключевые слова: Налоги, налогообложение, налоговая система, налоговые органы, ставки и плательщики налогов, декларация.

Annotation. the article discusses the peculiarities of the practice of the tax service of foreign states in improving the activities of tax authorities.

Keywords: Taxes, Taxation, taxes: system, authorities, tariffs, payers, declaration.

Салықтық түсімдер мемлекеттің қаржылық негізін құрай отырып, сонымен қатар ол экономиканы мемлекеттік реттудің бірден-бір құралы болып есептеледі. Салық ұдайы өндірістік процестерді қамтамасыз ете отырып, экономикалық дамудың маңызды фактор ретінде қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында жаңа Қазақстанның салық саясаты мен механизмін жетілдіру туралы айтқан болатын, онда өндіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу объектілері үшін қолайлы салық режимін қабылдау қажеттілігін және оның оңтайландыру жолдарын қарастыру керектігін баса айтты [1].

Жалпы экономиканы реформалаудағы маңызды мәселелердің бірі болып салық жүйесін оңтайландырып жетілдіру болып табылады. Бұл өзкезегінде еліміздің салық жүйесін халықаралық деңгейге көтеру мүмкіндіктер береді.

Осы орайда дамыған шетел мемлекеттерінің салық қызметіндегі тәжірибесімен танысып оның қажетті деген тұстарын еліміздің салық жүйесін жетілдіру барысына пайдалану маңызды іс-шара болып табылады. Бұл жағдай болашақ салық мамандарына, қаржыгерлер мен кәсіпкерлерге өз табыстарын барынша молайтуға септігін тигізеді.

Әр елдердің салық жүйелері әр түрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік шарттарға байланысты құрылған.

Қазіргі таңда Қазақстанда салықтық жүктемелеуді төмендетуден бюджет табыстарын өсіруге мүмкіндіктер бар. Олар капитал салымдарының өндіріс көлемінің өсуінде, экономиканың көлеңкелі сектор шеңберінен шығуында, шетел инвестициялары көлемінің өсуінде көрінуі мүмкін. Мұның бәрі өтпелі кезеңде елден шетке шығып кеткен капиталдың есебінен болуы керек [6].

Салықтардың ынталандырушы және фискалдык функцияларының арасында белгілі бір қайшылықтар бар. Бірақ мемлекеттік бюджеті табыстармен қамтамасыз ету экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында салықтарды төмендетуді қолдану үшін қайшылық емес.

Салық төлеушілер мен салық органдарының арасындағы қарым-қатынас кезінде екі жақтық құқықтары мен міндеттері заңдылықпен шектеудің қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты АҚШ конгресі 1988 жылы салық төлеушілердің құқығы жөніндегі заңы қабылдап, осы заңға сәйкес, салық органдарының қызметкерлері салық төлеушілердің декларацияларын тексеру барысында салық төлеушілерге оның құқықтары міндеттері туралы жазбаша құжатты беру қарастырылды. Салық органдары салық төлеушілерге хабарлама жасағанда, олар тексерістегі салық құрылымы өкілдерімен жасалған барлық келісім шарттарды таспаға жазып алуына мүмкіндіктер берілген [2].

Нидерланды салық қызметінің мәліметінше, салық төлеушілердің шамамен 70 пайызы қиын жағдайда. Біріншіден, бұл аз салық төлеуге деген ниетпен байланысты және тәжірибе көрсеткендей, бұл құбылыс салықтан жалтаруға әкеледі. Осыған байланысты Салық қызметінің барлық клиенттері әртүрлі топтарға бөлінеді, бұл өз кезегінде бақылаудың әртүрлі түрлеріне әкеледі;

- жұмсақ басқару (әр уақытта таңдамалы тексерулер);
- икемді бақылау (жиі және тереңдетілген тексерулер);
- тұрақты мониторинг.

ең күрделі мәселелердің бірі-заңдылықты түсіндірудің көптігі.. Келісімшарттар мен салық келісімдерінің шарттары заңнамаға және салық қызметі бекіткен ішкі рәсімдерге сәйкес нақты айқындалған. Мұндай келісімдерді жүргізу құқығы жеке қызметкерлерге - салық қызметтерінің басшыларына ғана беріледі, ал кейбір жағдайларда, егер біз үлкен ақша туралы айтатын болсақ, онда мұндай құқық тек салық органдарының төрағаларына беріледі.

Салық келісімдерін әзірлеу салық басшылары үшін басты мәселелер болып есептелінеді. Сондықтан келісімдерде төменгі сұрақтар қарастырылады:

- келіспеуге әкеліп соғатын салық сомасы;
- аталған мәселеден туындайтын құқықтық жағдайлар категориясы;
- аталған мәселемен айналысатын қызметкерлердің біліктілік деңгейі;
- салық төлеушілердің санаты.

Нидерландының салық қызметінде мүмін болатын салық тәртібін бұзушылықтардың алдын алып, оның мазмұнын ашуды бірыңғай тиімді ішкі бақылау тетігі қызмет етеді.

Ішкі бақылау жүйесі төмендегі басты жұмыстарды қамтиды;

- анық нысанда алған ішкі кәсіптер;
- ақпаратты сараптамадан өткізу және сенімді ақтау;
- бақылаудың нормативтік және тиімді шаралары;
- жоспарлы бақылау;
- іріктеп бақылау;
- кәсіпкерлік түрлері және олардың қызметтерінің қорытындысын қадағалау;
- қызметкерлердің білімі мен кәсіпкерлік деңгейін жоғарылату бойынша жүргізетін жұмыстар.

Осы жоғарыда келтірілген іс-шаралардың ішінде этикалық нысандардың ролі айрықша зор.

Нидерландының салық қызметі коммерциялық құрылымға жатпауына байланысты салық органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік қызметкерлер ретінде қосымша аудиторлық нысанадан жеке құрылымдарда жұмыс істеуіне шектеу қойылған. Оларға сабақ беру саласында қызмет көрсетуге арнайы рұқсат қажет. Салық қызметінің маңызды үрдістерінің бірі болып сенім болып табылады. Сенімін жоғалтқан маман салық саласының қызметкері болып жұмыс істей алмайды. Нидерландиядағы мемлекеттік салық қызметінің бір кемшілігі олардың қызметкерлерінің жалақысының төменділігі жатады. Нидерландияның жеке сектордағы қызметкерлердің жалақысы салық органдарындағы әріптестеріне қарағанда едәуір жоғары, немесе салық қызметкерлері орташа есеппен 20 пайыздай жалақыны олардан кем алады екен.

Канадада салық сұрақтарын реттейтін заңнамалар жобасын жасау және салық төлемдердің бюджетке түсуін болжау жұмыстары Қаржы министрлігі құзырында қарастырылған. Ал салық салу және оны жинау, яғни жалпы салық сұрақтарымен осы елдің Кіріс министрлігі айналысады.

Канада салық жүйесіндегі ұқсас құрылымдар Жапония елінде де қабылданған. Жапонияда салық заңнамасы жобасын Қаржы министрлігінің құрамына кіретін Салықтық бюро әзірлеп жасайды. Өз кезегінде Салық бюросы өздерінің әзірлеген жобаларын парламентке ұсынып, оны қорғап шығады. Ал қабылданған салықтық заңдарды іс жүзінде жүзеге асыру ұлттық Салықтық әкімшелендірудің міндеті болып табылады.

Австралияда осы жоғарыда аталған мемлекеттердің салық жүйесінің құрылымдарынан өзгеше, яғни карама-қарсы жүйе қабылданған. Бұл елдің Қаржы министрлігі салық салу жүйесі заңдарының жобасын өздері әзірлейді. Сонымен қатар осы орган оларға, жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бағалау жұмыстарын жүргізеді. Қаржы министрлігі салықтарды жинау жұмыстарымен де айналысады..

Қытай Халық Республикасының салық жинау жұмыстарымен бірнеше құрылымдар айналысады. Салық төлеуден жалтару - бұл салық төлеушілердің, заңдар талаптарын орындамауы мен салықтарды төлеудегі заңсыз әрекеттері, салық төлеуден жалтару, оның ішінде салықтық емес салық салуды мемлекеттік реттеуді бұзу мақсатында жасыру және басқа да шаралар арқылы бұрмалау (бухгалтерлік құжаттарды жою, басқа құжаттардың ақпаратын бұрмалау, салық салу объектілерін төмендету немесе жасыру, өндірістік шығындарды арттыру және салық төлеушілерге жеке шоттарды, кірістерді, пайданы басқа да аудару).

Салық төлеуден жалтару салық төлеушілердің белгіленген сомандан аз соманы төлеуін немесе төлемеу фактісін білдіреді. Бұл құбылыс салық заңнамасын білмеу, салық ставкаларын қолдана алмау, салық салынатын сомаларды төмен есептеу нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Қытай Халық Республикасында салық төлеушілерді тіркеу заңмен қарастырылған. Өндірістік және өндірістік емес қызметпен айналысатын және олардың балансында тұрған барлық субъектілер жұмыс құқығына патент алғаннан кейін 30 күн ішінде жергілікті салық органдарына тіркеу туралы өтініш беруі керек. Салық міндеттемелері бар басқа ұйымдар мен жеке тұлғалар заңды салық төлеушілер болып танылады және 30 күн ішінде олардың орналасқан жері бойынша салық органдарында тіркеледі.

Салық органдары әрбір бұзушылық бойынша іс қозғайды және заңда қарастырылған шаралар қабылдайды. егер салық төлеушілер тіркелген шоттарды жүргізуден бас тартса, онда олар белгіленген мерзім ішінде 5000 юань жабу, салық

декларацияларын тапсыру, шот-фактуралар мен салықтық тексеру туралы түбіртектерді пайдалану және сақтау мүмкіндігіне ие болады.

Салғырттығынан немесе тәртіпсіздігінен салық төлеуден жалтарған жағдайда салық органдары соңғы мерзімді белгілейді, ал төленбеген соманы төлемеген жағдайда әрбір күн үшін төленбеген соманың 0,5 пайызы мөлшерінде айыппұл алынады. Салық төлемдерін уақтылы төлемегені үшін әр күн үшін белгіленген сомадан кейінге қалдыру сомасының 0,5 пайызы мөлшерінде айыппұл алынады. Кірістерді жасыруға байланысты салық төлеуден жалтару төленбеген салықтардың 6 еселенген сомасына негізделген айыппұл салуға әкелуі мүмкін. Мұндай әрекеттерді жасауға тікелей қатысы бар адамдарға 1000 юань айыппұл есептелініп салынады. Салық төлеуден бас тартқаны үшін қосымша 50 000 юань айыппұл салынуы мүмкін. Өсімпұлдар мен айыппұлдарға қызмет көрсету тиімсіз болған жағдайда салық органдары төлеушінің шоттары ашылған Банкке оның қаражатын қазынаға аудару, салықтық есепке алу құжаттарының күшін жою және салық түбіртектерін алу, одан әрі шаруашылық қызметке патенттің күшін жою туралы хабарлауға тиіс. егер бұл шарттар тиімсіз болса, салық органдары заң бұзушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы сот органдарына хабарлайды және қылмыстық сипатта болады. Қытайдың нақты өмірінде салық төлеуден жалтару көбінесе оларды алуға қарсылықтың артуымен бірге жүреді. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер жеке салық төлеушілерге қарағанда салықты жақсы төлейді. Дегенмен мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерде де салық төлеу тәртібін бұзу фактілері олардың іс-әрекеттерінде кездесіп отырады. Кейбір жағдайларда олар міндетті төлемдердің 50 пайызын қамтымайтын фактілердің орын алатындығын жоққа шығаруға болмайды..

Жеке компанияларға келетін болсақ, олардың жалпы санының 70-80 пайызы салық төлеуден жалтаруға ынталы болып келеді. Салық органдары мен салық инспекторларын қорқытуға бағытталған зорлық-зомбылық әрекеттері салық төлегісі келмейтіндер тарапынан жиі кездеседі.

Жалпы салық төлеуден жалтару табысы жоғары салық төлеушілердің арасында жиі кездеседі.

Салық заңнамасын бұзу шетелдік инвесторлар арасында көптеп кездеседі. Олар әртүрлі импорттық және экспорттық бағаларды және шетелдік кәсіпорындарды өз қалауы бойынша пайдаланады. Мысалы, кейбір француз кәсіпкерлері Қытай заңдарын бірнеше рет бұзып өздерінің тапсырған декларацияларында жеке табысының 70-90 пайызын енгізбеу фактілері жиі орын алған.

Қазіргі кезде салық органдары қажет болған жағдайда заңдарды дербес қолдануға құқылы. Осы тұста басқа ведомстволар оларды қолдауы керек. Құқық қорғау органдары өз қызметкерлерін төменгі деңгейдегі салық органдарына көмек көрсету үшін жібереді. Өз кезегінде олар салық төлеуден бас тартқан жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тартуға барынша қызмет етеді.

Жергілікті қоғамдық қауіпсіздік органдары шеңберінде салық жинау жөніндегі жұмысты күшейту мақсатында бақылауды жақсарту үшін арнайы органдар құрылады. Бүгінде ведомстволық темір жолдар, байланыс, почта банктері тарапынан салық органдарына көмек көрсету жөніндегі жұмыс жандандырылуда.

Жоғарыда аталған мемлекеттердің салық жүйесіндегі ұнамды тәжірибелерін біздің елімізде енгізу салық органдарының қызметін жетілдіруге септігін тигізетіні анық. Осы орайда Қазақстан Республикасында салық салу қызметінің деңгейін көтеру үшін осы жетістіктердің қайсысын практикада қолдануға болатынын қарастырдық.

Мысалы, АҚШ-та салық жинаудың үш әдісі бар. Атап айтқанда біріншісі декларацияға сәйкес салық салу, екіншісі салық төлеу көзінен өндіріп алу, үшіншісі бағалы салық төлемдері.

- декларацияға сәйкес;
- салық төлеу көзінен өндіріп алу;
- бағалы салық төлемдері.

Бүгінде осы тәсілдердің алғашқы екеуі Қазақстанның салық жүйесінде қолданылады. енді осы тәсілдердің үшіншісі еліміздің салық жүйесіне енгізілуі тиіс. Себебі баға салығы арқылы барлық жеңілдіктердің жалпы сомасын шегеріп тастағаннан кейін, келесі жылдан бастап болжамды соманы алдын-ала анықтай аламыз. Өз кезегінде бұл тәсіл салық қызметінің жұмысын едәуір жеңілдетеді және нәтижелі етеді деп тұжырым жасауға болады.

Осындай оңтайлы жүйені құру үшін экономистерге, қаржыгерлерге, салық органдарына және әлеуметтанушыларға тапсырма беріп, еліміздің Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізудің қажеттілігі туындайды. Біздің пайымдауымызша олардың ішіндегі маңыздыларына төмендегіленді жатқызуға болады:

- салықтардың мүмкіндігінше экономикалық шешімдерді қабылдауға әсерін тигізбеуін қалыптастыру, немесе оның әсерін ең аз шамада болуын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу үшін салықтық саясат пен салықтық механизмді барынша пайдалану, салық салудың қағидаларын бұзуды болдырмау, немесе ең төменгі деңгейге жеткізуді қалыптастыру;
- елдің экономикалық өсуі және тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында салықтық құрылымдардың қызметін оңтайландыру;
- салық жүйесі әділетті және салық төлеушілерге түсінікті болуын қалыптастыру;
- салықтарды басқару және салық заңдылығын сақтау бойынша әкімшілік шығындар ең төменгі деңгейде болуын қамтамасыз ету.

Осы жоғарыдағы ұсынылған талаптар еліміздің салық жүйесінің сапасын бағалау үшін негізгі көрсеткіштер ретінде пайдалануға болады деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауы,(16 наурыз 2022 ж.)
- 2.Сейдахметов Ф.С. Налоги в Казахстане /Учебное пособие Алматы LEM – 2005 – 160 с.
3. Шувалова е.А., Климовицкий А.М., Пузин А.М., Налоговые системы европейских стран / учебно-практическое пособие/ М.: изд. еАОЙ 2010 -134 с.
- 4.Лыкова Л.Н., Букина И.С., Налоговые системы зарубежных стран/ Учебник и практикум для вузов, М.: изд. ЮРАЙТ, 2020 -329 с.
5. Ермекбаева Ж.Б., Арзаева М.Ж. Шет мемлекеттердің салығы, Алматы – 2004- 124 б,



ӘОЖ 336.22

**САЛЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ****Жумадильдаев М., Әшіралиева Д.М.****«Қаржы және есеп» кафедрасы****Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Андатпа. Мақалада еліміздің салық органдарының қызметінің тиімділігін жетілдіру іс-шаралары қарастырылған.

Кілт сөздер: Салық, салық органдарының қызметі, электронды салықтық есеп, камералық бақылау, салық жүйесін жетілдіру.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности практики налоговой службы иностранных государств в совершенствовании деятельности налоговых органов страны.

Ключевые слова: Налог, деятельность налоговых органов, камеральный контроль, электронный налоговый учет, совершенствование налоговой системы.

Annotation. The article considers the peculiarities of the practice of the tax service of foreign states in improving the activities of the tax authorities of the country.

Keywords: Tax, activities of tax authorities, desk control, electronic tax accounting, improvement of the tax system.

Еліміздің салық қызметі өзінің дамуының жаңа сапалы кезеңінде, одан әрі табысты жұмыс істеуі үшін негіз құруға бағытталған бірқатар реформалар жүргізілді және мемлекет тарапынан салық қызметін жетілдіру бойынша көптеген шаралар қабылдануда.

Қазіргі уақытта көрсетілетін салықтық қызметтердің жоғары сапасына қол жеткізу салық органдарының негізгі стратегиялық мақсатының бірі болып табылады. Осы орайда, салық қызметін көрсету сапасын арттыру үшін Ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтарының (АҚӨО) қызметін одан әрі жетілдіру, жаңаша құру бойынша жұмыстар жүргізілуі қажеттілігі туындайды..

Бүгінде салық органдары электронды түрде өзара әрекет етуді дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастырып, өзара әрекет етудің қолда бар нұсқаларын оңтайлана отырып, жаңа тәсілдерін әзірлеуді қысқа мерзімде жүзеге асыру қажет. Бұл өз кезегінде салық қызметкерлерінің салық жинаудағы жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Электронды шот-фактураларды енгізу товарларды сатушылар, жұмыстарды орындаушылар, қызметтер көрсетудшілердің жеткізушілеріне шот-фактураларды электронды түрде сатып алушыларға ұсыну мүмкіндігін береді. Біздің пайымдауымызда бұл жағдай қажетті ақпаратты өңдеуге жұмсалған уақыт пен шығындарды едәуір төмендетуге мүмкіндіктер беріп, шот-фактураларды жазып беру бөліміндегі қызметкерлердің атқаратын жұмыстарын едәуір жеңілдетіп еңбек өнімділігін жоғарлатады. Бұл жағдайлар ол өз кезегінде бизнес-үдерістердің тиімділігін арттыруға, әрі осының нәтижесі ретінде мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндіктер туғызатыны сөзсіз.

Алайда салық есебін жүргізудің бүгіндегі әдіснамалық және ұйымдастырушылық-техникалық жағынан мәселелер туындауда. Оларға

төмендегілерді жатқызуға болады:

- салық есептілігін толтыру жөніндегі әдіснаманың болмауы;
- салық салу және бухгалтерлік есеп жүйесінде білікті мамандардың жетіспеушілігі;
- кәсіпорындардың салық есебін автоматтандырудың жұмыстарының жеткіліксіз деңгейде болуы.

Сондықтан Қазақстан Республикасындағы салық есебін ұйымдастыруды жетілдіру мәселелерінің бірі ретінде салық есептілігінің нысандарын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлеу болып табылады. Бұл жұмыстарды Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Салық коимтеті тарапынан және Қазақстан Республикасының бухгалтерлер мен аудиторларының қауымдастығымен бірлесе отырып әзірлеуіне болар еді. Ол әдістемелік нұсқауларда түсініктемелер мен тәжірибелік мысалдармен егжей-тегжейлі түрде салық есептілігі нысандарының толтыру тәртібі көрсетілуі тиіс.

Салықтық бақылаудың тәжірибелік мәселелерін зерттеу барысында елімізде көптеген ірі және күрделі үдеріс пен құбылыстардың орын алуы байқалады. Бүгінде, салықтық бақылаудың негізгі мәселесі - бұл салықтан жалтару құбылысы. Олардың ішіндегі басты, жиі кездесетін және аса күрделілеріне: оффшорлық аймақтардың заңсыз қолданылу мәселесі, салық төлеушілермен келісілген фирмаларды пайдалану мәселесі, салықтық бақылаудың қарапайым мәселелері [2].

Салықтық бақылаудың қарапайым мәселелері бақылау жұмысының барысында салық органдары, төлеушілермен жасалатын салық заңнамасының көзделген және көзделмеген бұзушылықтардың көп санын анықтайды. Бұл, тәжірибеде жиі кездесетін бұзушылықтар және олардың анықталуы мен тоқтатылуы салықтық түсімдердің тез арада ұлғайтылуына мүмкіндік береді.

Біздің қоғамда салықтардан жалтарудың қаупі мен зияндығы көпшілік әлі біле бермейді, сондықтан қоғамда оған жете мән бере бермейді. Бұл жағдайдың қоғамдық қаупі бюджетке ақшалай қаражаттардың тиісті мөлшерде алынбауымен және бюджет жетіспеушілігінің өсуімен ғана байланысты емес. Сонымен қатар салық салудан жалтару нарықтық бәсекелестіктің негіздерін бұзады, салық бойынша қарызы бар тұлғалар, салықтарын уақтылы, толық және дұрыс мөлшерде төлеушілерге қарағанда ыңғайлы жағдайларға болады. Себебі салық төлеуден жалтарған салықтардың сомалары салықты басқа адал түрде төлеушілердің есебінен, яғни мемлекеттің салықтық мөлшерлемелерді жоғарлату салдарынан немесе салық салудың жаңа түрлерін еңгізу арқылы жүзеге асырылады.

Айталық, корпоративтік табыс салығын есептеу мен төлеу кезінде салық заңнамасын бұзудың келесідей негізгі себептері орын алады:

- жылдық жиынтық табыстың негізсіз төмендетілуі;
- сатылған өнімнің, товардың, орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің өзіндік құнын жоғарылату;
- тиісті құжаттармен расталмаған сомалардың және кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз шығындарды шегерімдерге апару;
- өзінің қызметіне байланысы жоқ және олардың иелігіне жатпайтын шығындарды шегеріске жатқызу.

Біздің ойымызша жоғарыдағы мәселелерді шешудің басты жолы салық заңнамасын салық органдары тарапынан емес, сондай-ақ салық төлеушілер оны жетік білуі қажет.

Бүгінгі таңда халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, көлеңкелі

экономиканың мөлшерін қысқарту мақсатында жеке тұлғалардың кірістеріне салық салуды толық ауқымды әкімшілендіру мәселесін шешуге арналған маңызды мәселе – халықтың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау болып табылады. Сондықтан, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру саласындағы негізгі іс-шаралардың бірі ретінде Қазақстан Республикасы азаматтарының кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға кезең-кезеңімен көшіру жұмыстарын жеделдету қажет деп есептейміз.

Жалпыға бірдей декларациялау халықтың нақты табыстарын салықтық бақылау көптеген елдерде, оның ішінде дамыған елдерде көлеңкелі экономикаға қарсы тұру құралы ретінде қолданылады.

Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялауды енгізу туралы біраздан бері айтылғанымен, бұл заң жобасы тек салық органдары мен азғана кәсіпкерлер арасында талқыланды. Ал, қазақстандықтардың көбісі бұл жөненде әлі де хабарсыз.

Жалпыға бірдей декларацияны енгізуді бастап жүрген салық органдары белсенді емес, олар бұл заң жобасының қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері туралы хабардар ету, қарапайым азаматтар болашақта қандай рәсімдерге тап болатындығы туралы түсіндіру бойынша ешқандай жұмыстар жүргізіп жатқан жоқ. Сондықтан осы мәселенің шешуін табатын іс-шараларды әзірлеу қажет деп есептейміз.

Әлемде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау негізінен салық жеңілдіктерін ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында шағын және орта бизнес үшін арнайы салық салу режимі енгізілген және алдағы уақыттарда да оларды қолдайтын өзгерістер енгізіледі деп ойлаймыз. Алайда салық жеңілдіктерін негізсіз енгізе беруге болмайды, тек шаруашылық жүргізуші субъектілердің жоғары табыс деңгейін қамтамасыз ететін шамада енгізілуі тиіс [3].

Салықтар арасындағы аса маңызды салықтардың бірі корпоративтік табыс салығының жақсаруына байланысты біз төмендегідей шараларды ұсынамыз:

- экономиканың негізгі секторларында корпоративтік табыс салығының сараланған және регрессиялық мөлшерлемелерін енгізу, яғни салық салынатын кірісті молайту кезінде салық мөлшерлемесін төмендету. Бұл салық төлеушінің жылдық жиынтық табысын көбейтуіне ынталандырады және салықтық есептілікте салық базасының көлемін азайтпай (жасырмай) нақты сомасын көрсетуге мүмкіндік береді.

Біздің пікіріміз ұсынған түзетулер енгізу кезінде туындайтын бюджет шығындары салық базасын кеңейту есебінен болашақта жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің санын ұлғайту есебінен бұрын жасырын кәсіпорындардан салық ауыртпалығын алып тастау нәтижесінде қалпына келтірілуін қамтамасыз етеді.

Жалпы, қазіргі жаһандану жағдайында еліміздегі салық жүйесін жетілдіру объективті қажеттілік болып табылады. егер корпоративтік табыс салығы бойынша біздің ұсынысымыз өз шешімін тапқан жағдайда, бұл өндірістің тұрақты дамуына, ішкі инвестициялардың көбейуіне және негізгі қорларды жаңартуға қажетті қаржылардың қосымша көздерінің табуға мүмкіндіктер туындайды.

Салық жүйесін, оның ішінде кез келген салықты жетілдіру жолдарын ұсыну үшін бұл мемлекет, салық төлеуші және халық үшін қандай оң өзгерістер әкеледі олардың мүдделері қалай сақталады деген сұрақтарға нақты жауап алу қажет.

Қазіргі уақытта салық жүйесін жетілдіру кезінде салық мөлшерлемелерінің деңгейін төмендетудің маңызы зор. Осы мәселе Мемлекет басшысының 2021

жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында, атап айтқанда «Экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн. Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керек», -деп атап өтті [1].

Салық мөлшерлемелерін төмендету арқылы өнім мен товарларды өндіру ауқымын, атқарылатын жұмыс көлемдерін және қызмет көрсету аясын барынша жоғарлатуға мүмкіндіктер туындайтыны сөзсіз. Бұл өз кезегінде мемлекеттік бюджетке түсетін қосымша кірістердің ұлғайуына бірден-бір септігін тигізеді. Әрине салық мөлшерлемелерін негізсіз, төмендеуге болмайды. Ол үшін алдын-ала тиісті зерттеулер мен сараптама жүргізіліп солардың нәтижелеріне орай шешім қабылдануы тиіс. егер мемлекеттің мүмкіндіктері болса, онда салықтың мөлшерлемелерін төмендетуге болады, себебі оның экономиканың тұрақты өсуіне, жандандыруға тигізетін әсері жоғары болады.

Осы жоғарыдағы айтылғандарға байланысты төмендегі қорытындыларды ұсынамыз:

- салықтар тауарлар құнының едәуір бөлігін құрайтындықтан, салықты төмендету тауарлар құнының төмендеуіне септігін тигізеді;

- салықтың бір бөлігінен босатылған кәсіпорындар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер табысы артып, оның нәтижесінде амортизациялық аударымдарды көбейту мүмкін болады. Бұл өз кезегінде ғылыми жетістіктерді, жаңа технологияларды өндіріске енгізу үдерісін тездетеді;

- еліміздің экономикалық салаларына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдай жасалатын болады, бұл экономиканың қарқынды дамуын және халықтың әлеуметтік ахуалының жақсаруына мүмкіндіктер туғызады;

- жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздардың саны азаяды;

- инфляция деңгейі төмендейді, яғни экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал етеді;

- салықтан қашқан көлеңкелі экономиканың бір бөлігі заңды түрде жұмыс істей бастайды, бұл қосымша салықтардың бюджетке түсуіне мүмкіндік береді;

Салықтар экономикада маңызды орын алатындығымен қатар, олар макроэкономикалық реттеудің негізгі құралдарының бірі болып саналады. Осылайша, салық ставкаларын дұрыс белгілеу және салық саясатын орынды іске асыру экономиканың тұрақтылығына кепілдік береді.

Соңғы жылдары еліміздің Салық кодексінде заңнамалық деңгейде бақылаудың жаңа моделі (камералық бақылау) бекітілді. Бұл модель салық есебін және салық төлеуші ұсынған басқа құжаттарды талдау мен зерттеуге негізделген. Камералдық бақылау салық қызметі органының тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады және салық төлеушінің тиісті есебін беру, құжатты дұрыс толтыру, салық жеңілдіктерін қолданудың заңдылығы сияқты барлық тексерулерді қамтиды.

Алдыңғы рейттік тексерулердің және басқа да зерттеулердің нәтижелерімен салыстырғанда камералдық бақылау салықтық тексеру актісінде тіркелмеген. Салық есептілігін толтыруда кемшіліктер, ақпарат арасындағы қайшылықтар, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін белгіленген шарттардан асып кету анықталған жағдайда салық төлеушіге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою туралы хабарлама-хат жіберіледі. Салық органының хаты салық төлеушіге қоңырау шалатын уақыттан 2 жұмыс күні бұрын жеткізілуі шарт. Осы хабарламада көрсетілген кемшіліктерді салық төлеуші 10 жұмыс күні ішінде жоюға

тиіс. Сонымен бірге, "әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 219-бабына сәйкес салық қызметі органдарының басшылары мен орынбасарлары салық төлеушіге заңнама талаптарын сақтамағаны үшін әкімшілік жаза қолдануға құқылы [4]. Осыған сәйкес камералдық бақылауды жүзеге асыру барысында салық органдары кемшіліктерді ғана емес, салық төлеуден жалтарған кәсіпкерлерді де анықтайды.

Қазіргі уақытта салық төлеушілердің 20 пайызы есепті электронды түрде дайындауда. Бұл өте жоғары көрсеткіш. Мұндай интерактивті қарым-қатынас, біріншіден, уақытты үнемдейді, екіншіден, қағаз айналымын қысқартады және үшіншіден, компания өкілдерінің инспекторлармен тікелей байланысын азайту арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерін азайтады [5].

Бүгінгі күнде салық органдарына қойылатын талаптар спектрі бұрынғы жылдарға қарағанда күрделеніп, ауқымы әжептеуір ұлғайған. Бұрынғы түсінікте салық органы салықтар мен басқа да алымдарды төлеудің дұрыстығын, толықтығын және уақтылығын бақылайтын мемлекеттік бақылаушы ғана болып саналса, енді салық органы қызметтер көрсетуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, оның міндеті салық төлеушіге бюджетке тиісті алымдарды уақтылы және заңнамаға сәйкес төлеуге көмек көрсету болып табылады. Осындай игі іс-шараларды алдағы уақытта барынша дамыту қажет, яғни салық органдарының қызметкерлерінің салық төлеушілерге заң аясында көмектесуі олардың негізгі міндеті болып есептелінуі тиіс.

Ақпараттық технологиялар салық инспекторлары үшін қажетті жұмыс құралына айналуы тиіс. елімізде соңғы жылдары ақпараттық жүйелерді енгізу жөніндегі комиссиялар жұмыс істеп келеді, мұнда салықтық әкімшілендірудің барлық стратегиялық және әдіснамалық мәселелері талқыланып, шешіледі. Мұндағы негізгі басымдықтар салық төлеушілер мен салық инспекторларына қажетті ақпарат пен сервистік қызмет көрсету болып табылады. Сондықтан осы қызмет көрсету басымдықтарды алдағы уақытта ауқымды түрде жүргізуді толастатпау керек.

Бұл салық төлеушілерді қағаз жүзінде есеп беруден босатады, яғни олар өздерінің тиісті жұмыстарымен айналысуына қажетті уақыттарын үнемдейді.

Салық төлеушілер салықтық есепті салық органдарына электронды пошта көмегімен кез-келген күні, кез-келген уақытта жіберуге (демалыс күндері, бос және өздеріне ыңғайлы уақыттарында) мүмкіндіктер туындайды.

Сонымен қатар бүгіндегі тәжірибеге енгізілген электронды салықтық есеп бағдарламасы салық төлеушілердің есептік мәліметтерінде жіберілген кейбір кателіктердің орын алғандығын, немесе алмағандығын өздері тексеріп анықтауға, түзетуге толық мүмкіндіктерді қарастырған. Бұған қоса салық төлеушілер өздерінің тапсырған есептерінің қорытындылары туралы ақпаратты салық органдарынан кері байланыс арқылы алуға мүмкіндіктері бар.

Салық төлеуші электрондық цифрлық қолтаңбасы бар дискета алып, Салық комитетінің бағдарламасын өз компьютеріне орнатқаннан кейін, ол кез-келген уақытта салық есебін жіберіп, бюджетпен есептеулердің реттілігін, әр бюджеттік біліктілік бойынша сальдоны тексере алады. Ол әр салық үшін шот ашып, қол жетімді деректерді өз компьютеріне көшіре алады. Басқаша айтқанда, салық төлеуші салық органының иелігіндегі ақпаратты толық біледі. Сонымен қатар, салық төлеушінің өзі берген декларациямен электронды түрде танысуға және енгізілген ақша қаражатының күні мен сомасы дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізуге мүмкіндігі бар. Ол үшін Салық комитетінің порталына кіру жеткілікті.


Салықтық әкімшілендіру және салықтық бақылау мәселелері экономикалық жағдай жақсарған кезде, салықтар төмендеген кезде, салық жүктемесі азайтылған кезде, сондай-ақ салық салу ережелері жақсы жаққа өзгерген кезде бірінші орынға шығады. Салықты азайта отырып, мемлекет оларды төлеуді талап етуге құқылы. Салық төлемейтін адам жеке салық төлеушілерге қарағанда бәсекелестік артықшылыққа ие болғандықтан, онсыз нарықта тең жағдайлар болмайды.

Басқаша айтқанда, салық ауыртпалығын төмендету бақылауды күшейтумен бірге жүруі керек. Алайда жүргізілетін салықтық бақылаулар кәсіпорындардың , шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішкі қызметтеріне ауыртпалық түсірмеуін қамтамасыз ету керек.

Салық жүйесіндегі қызметті тәртіпке келтіру мемлекеттің фискалдық міндеті ғана емес, сондай-ақ салауатты экономикалық орта мен тартымды инвестициялық ахуалды қалыптастырудың маңызды құралы болып табылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы, (1.09.2021 ж.)
2. Нурымов.А.А. «ҚР-ң салық жүйесінің жетілдіру негізгі сұрақтары» Қаржы менеджменті: Журнал - № 2, 2008. – 43б,;
3. А.Д. Байдүйсенов. «Қазақстан салық жүйесіндегі кейбір мәселелер» Қаржы-қаражат, 2013 ж №4.
4. Кулумбетов Д. Вопросы применения норм налоговой стабильности. // Журнал ЮРИСТ №1(8) 2009 г.
5. Kazinform.Халықаралық ақпараттық агенттігі. 19 Наурыз 2014 г.



ҚҰҚЫҚ

ӘОЖ 343.77-28

**АДАМНЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ЖЫНЫСТЫҚ БОСТАНДЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ АЛДЫН
АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Жумагулова Багира Пісбекбайқызы****«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымының магистрі****«Экономика және құқық» факультеті****«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ**

Аңдатпа. Баяндамада адамның жыныстық қол сұғылмаушылығы және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар және алдын алу мәселелері қарастырылған. Бұл тақырып қазіргі уақытта өзекті мәселе, өйткені әр адамның жыныстық бостандығына қол сұғылмаушылық басты құндылықтың бірі болып болып табылады, осы орайда әрбір азамат өзінің жыныстық бостандығына қол сұғылғанда құқығын қорғаудың жолдарының қандай екенін және оның қалай жүзеге асырылатындығын білуі маңызды.

Кілтті сөздер: диспозиция, демократиялық, онанизм, анус, порнографиялық өнімдерді, сексология, институт, қылмыстық кодекс, психосексуалдық даму, агрессия, реабилитациялық орталық.

Аннотация. В статье рассматриваются общие понятия защиты чести, достоинства, деловой репутации, как на самом деле работает гражданско-правовая защита и какие проблемы возникают при их защите. Данная тема актуальна на сегодняшний день, ведь право на честь и достоинство каждого человека является приоритетом и большой ценностью, поэтому важно знать, что такое защита этих прав и, главное, как она реализуется.

Ключевые слова: диспозиция, демократический, онанизм, анус, порнографических продуктов, сексология, институт, уголовный кодекс, психосексуальное развитие, агрессия, реабилитационный центр.

Annotation. The article discusses the general concepts of the protection of honor, dignity, business reputation, how civil law protection actually works and what problems arise in their protection. This topic is relevant today, because the right to honor and dignity of every person is a priority and a great value, so it is important to know what the protection of these rights is and, most importantly, how it is implemented.

Keywords: disposition, democratic, masturbation, anus, pornographic products, sexology, institute, criminal code, psychosexual development, aggression, rehabilitation center.

Әрбір қоғам өркениетінде әйел адамының абыройы мен намысы өз намысының белгісіндей, ал оны қорғау өзінің мәдениеттілігін білдіреді. Әрине мұндай намысқа, абыройға қол сұғу заңмен ғана емес адамзатпенде қорғалуда. Бұл жеке адамның бостандығына қол сұқпау адамдар арасындағы қарым қатнастардың мәдениетін және де олардың арасындағы түсініспеушіліктерді орнына келтіріп алдын алуға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Және осы сұрақты шешкенде уайым, психологиялық тапталудың жоғалып жыныстық тәрбиенің орын алуына толық мүмкіншілік алуына алып келеді. Ал кәзіргі таңда жыныстық бостандыққа қол сұғу көп орын алуда. Бұл қылмыс ҚР қылмыстық заңымен қорғалатын қылмыстардың аса ауыр түрлерінің бірі болып табылады.

Адамның жыныстық еркіндігіне қарсы бағытталған қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесі аса жоғары және ол көп кездесетін қылмыс түрі болып табылады. Бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін осындай қылмыстарды жасау адамдардың заңмен қорғалатын жыныстық өмірінің еркіндігіне қасақана қайшы әрекеттер жасау жолымен, жәбірленушілердің имандылық түсінігіне, жан-дүниесіне, адами қасиеттеріне зардап келтіру арқылы, адамдардың өміріне, сондай-ақ денінің саулығына қауіп-қатер туындатады.

Адамды жыныстық қатынастар жасауға, әйел мен әйелдің, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауға баруына немесе басқа да де сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасауға итермелеу дүние жүзінің барша елдеріндегі ең өзекті күн тәртібіндегі мәселел болып қалып отыр. Қазіргі уақытта бұл мәселенің өзектілігі арта түспесе, кеміген жоқ.

Еліміздің Ата заңының бірінші бабында – «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп көрсетілген [1].

Адамның жыныстық қатынасқа түсуіне немесе өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеуден, оның құқықтары мен мүдделерін өзінің қамқорлығына алатын іс-шаралардың арасында қылмыстық құқықтық сипаттағы шаралар елеулі орынға ие болады. Қылмыстық мәжбүрлеудің қоғамға қауіптілігін – жапа шегуші адамға үлкен физикалық және моральдық зиян келтіруден тұрады. Жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу, әйел адам мен әйелдің, еркек адам мен еркектің жыныстық актілерге баруына болмаса басқа да нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеу жыныстық қылмыстардың ішіндегі ең ауырлардың біріне жатады [2].

Адамның жыныстық бостандығына қарсы қылмыстардың бірі – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 123 бабында қарастырылған жыныстық қатынасқа, әйел мен әйелдің, еркек адам мен еркектің жыныстық актіге баруына немесе өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеу қылмысы. Мұндай жағдайларда адамға тек физиологиялық және психикалық зардап қана емес, моральдық та зиян келтіріледі [3].

Жыныстық қатынасқа, әйел мен әйелдің, еркек пен еркектің жыныстық қатынасқа түсуіне немесе өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеумен күресу дүние жүзіндегі күрделі және шиеленіскен сұрақтардың бірі болып отыр. Халықаралық деңгейде түрлі маңызды құжаттардың қабылдануы халықаралық қауымдастықтың, мемлекеттердің өз ішіндегі күрделі осы сұрақтың шешімін бірлесіп табуға, шешілмес бұл сұрақты бірлесе шешу және онымен күрес жүргізудің

ұтымды бағыттарын табуға бағытталған табанды қадамдарының көрінісі болып отыр.

Әйел мен әйелдің, еркек пен еркектің жыныстық қатынасқа түсуіне немесе өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеумен күресуден біздің мемлекетіміз де тыс қалмауда. Өйткені Кеңес Одағы ыдырауы, Қазақстанның нарықтық қатанастарға көшуі қоғамның әлеуметтік жіктелуіне, кейбір әлеуметтік топтардың кедейленуіне, жұмыссыздықтың көбеюіне байланысты қоғамда бір-бірін күштеудің тез арада өсуіне әкелді. Еліміздің қылмыстық заңнамасының 123 бабы арқылы қылмыстық жауаптылық бекітілген жыныстық қатынас жасауға, әйел адам мен әйелдің, еркек адам мен еркектің жыныстық актілерге баруына болмаса өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеу қылмысын зерттеу мақаламның басты мақсаты болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекіткен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылдар арасына арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында еліміздің қылмыстық заңнамасы адам құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығын заң қорғауына алынған ең басты әлеуметтік құндылықтар ретінде танудан шығуы тиіс делінген. Ал, жыныстық қатынасқа, әйел адам мен әйелдің, еркек адам мен еркектің жыныстық актіге баруына болмаса өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеудің адамдардың жыныстық бостандығын бұзатындығы белгілі [4]. Аталған тұжырымдама еліміздің жүргізіп отырған қылмыстық-құқықтық саясатының ізгілік бағдары, алдымен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жүкті әйелдерге, асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғыз әйелдерге, кәрі жастағы адамдарға бағытталуы керек, тиісінше ізгілік бағдар бірнеше мәрте қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамдарға, қайталап қылмыс жасаған адамдарға және ауыр, аса ауыр санаттағы қылмыстарды жасаған тұлғаларға қатысты күшейту керектігіне баса назар аударылған.

ҚР жаңа Қылмыстық Кодексінің қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасынан «еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауы» деген бап алынып тасталған уақыттан бері елдің заңнамасында сексуалды азшылық өкілдеріне қатысты ешқандай қылмыстық-құқықтық шектемелер жоқ; тек зорлық-зомбылық сипатындағы әрекеттер, «келісім жасына» жетпеген тұлғалармен жыныстық қатынасқа түсу және жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу ғана бар.

Қылмыстық Кодекс бойынша топтық объекті тұрғыдан жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар маңызды орын алады. Тікелей объектісінің ерекшеліктіріне қарай жеке адамға қылмыстық құқық бұзушылықтар мынадай түрлерге бөлінеді: адам өміріне қарсы қылмыстар, денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, жеке адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, жеке адамның ар-намысына және адамгершілігіне қылмыстық құқық бұзушылықтар, жыныстық қылмыстар.

Жыныстық қылмыстар институты – адамның жыныстық қол сұғылмаушылығына және жыныстық бостандығына қарсы жасалатын қылмыстық заңнаманың арнайы бөлігі. Адамның еркіндігінің көрінісі ретінде жыныстық қол сұғылмаушылығы мен жыныстық еркіндігі адамның жеке басына тиіспеушілік қағиасының бір бөлігі. Бұл қағиданы бұзатын қылмыстар түрлері жыныстық қылмыстарға әкеліп соғады. Адамның жыныстық еркіндігі жыныстық қажеттіліктерін қанағаттандыруда адамның кіммен және қандай нысанда жүзеге асыратынын өзі таңдау құқығын білдіреді. Жыныстық қол сұқпаушылық - зорлық-

зомбылықтың барлық түрлеріне қарсы қорғану құқығын көрсетеді. Жыныстық қатынастарға құштарлық адамдар бойындағы тумысынан тән табиғат берген қасиет. Жыныстық қатынастарды адамгершілік қағидаларымен, тұлғалар арасындағы некелесу және одан тыс жататын қарым-қатынастарды ретке келтіретін заңнамалармен белгілі бір шектеулер қойылады.

Адам баласының жеке басының бостандығы мен қол сұғылмаушылығы басқа да құндылықтармен қатар, жыныстық бостандығын да, ересек тұлғаның сексуалдық құштарлығын қалай және кіммен қанағаттандыруға қол жеткізетінін тек өзінің қалауына қалдыратын бостандықты да қалдырады. Еліміздің қылмыстық заңнамасы (ҚК 120-124-баптары) аталған бостандықтарды біздің қоғамымызда қалыптасып қалған жыныстық тәрбие ережелеріне қайшылығы анық болатын іс-әрекеттерді істеуге тиым салу жолымен өз қорғауына алады.

Адамның жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар ұғымын толығырақ түсіну үшін жыныстық қатынас, сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер ұғымдарын тоқталған жөн. Адамдар арасындағы жыныстық қарым-қатынастар адамдардың нәпсіқұмарлық әрекеттеріне қатысты қоғамда үстемдік етуші көзқарастар мен қағидалар көрсетеді. Жыныстық қатынастардың мазмұнын жыныстық мораль мен өнегелік мәселелерінен бөліп қарастыруға болмайды. Жыныстық мораль мен өнегелік қоғамда қалыптасқан жыныстық қатынастардың негізін құрайды. Жыныстық мораль мен өнегелік жоғары болған сайын жыныстық қатынастардың берік болады және оған қолсұғушылықтар аз жасалады.

Кез-келген қылмыстық құқық бұзушылықты жасау өнегелікті емес әрекет деп танылады, бірақ барлық қылмыстар бірдей жыныстық тәрбие мен өнегелілік ережелерін бұзумен ерекшеле бермейді.

Адам баласы жыныстық тәрбие мен өнегеліліктің деңгейіне халықтық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптары, алдымен өсіп келе жатқан толқынды тәрбиелеуге елеулі түрде көңіл бөлген. Қазіргі кездегі жыныстық мораль мен өнегеліктің төмендеуін біреулері қоғам өмірінің барлық салаларындағы тәртіптің төмендеуімен, экономикалық дағдарыспен түсіндірсе, екіншілері оны отбасылық тәрбиелеудің төмендеуімен, жас өспірімдерді бақылаудың жоғалтылуымен, біздің кино және видео нарығымызға жыныстық тәрбиелеуге кері әсер ететін, жыныстық салада мінез-құлықтар бостандығын құндылықтар ретінде көрсететін қарым-қатынас үлгілерінің кең етек жаюымен түсіндіріп бағыды.

Адамдардың жыныстық тәрбиесі мен өнегелілігі тепе-тең түсініктер емес. Жыныстық өнегелілік жыныстық моральға қарағанда кеңірек ұғым. Жыныстық өнегелілік қоғамдағы жыныстардың өзара қатынастарына жалпы қабылданаған көзқарастарды көрсететін және адамдардың сексуалдық қарым-қатынастарының барлық қырларын ретке келтіретін адамгершілік ережелерінің тізбегінен құралады. Адамдардың жыныстық өнегелілігінің деңгейіне қоғамдағы қалыптасқан жыныстық қатынастар укладына тәуелді болып табылады.

Адамның жыныстық бостандығы мен еркіндігіне қарсы қылмыстар деп - еліміздің қылмыстық заңнамасында бекітілген, он төрт жасқа болмаса он алты жасқа толмаған жасаөспірімнің жыныстық еркіндігіне, бітім-болмысы мен психикалық тұрғыда қажетті деңгейде дамуына, ересек адамдардың жыныстық өмірінің бостандығы мен біздің қоғамымызда қалыптасып қалған жыныстық қарым-қатынастарға қауіпті болатын қылмыстық қастандықтарды айтуға болады [5]. Бұл қылмыстар тобының объектілері туралы айтар болсақ - жыныстық еркіндік пен жыныстық бостандық, ол кейбіреулерінің қосымша объектісі – кәмелет жасына

толмағандар мен жеткіншектердің бітім-болмысының және психикасының ойдағыдай дамуы. Әрбір жапа шеккен адамға қатысты саралауды әр бапқа сәйкес бөлек, норманың мағынасына қарай жүргізу керек, жапа шегуші адам оның жасына тәйелсіз әйел адам да, еркек адам да бола алады. Десек, қылмыстық заңның қорғауына әйел адам да, еркек адам да алынады.

Жыныстық бостандық - тұлға өз нәпсіқұмарлық қажеттіліктерін қалай қанағаттандыратынын анықтауда көрініс табатын адамның жеке бостандығының құрамдас бөлігі. Жыныстық бостандыққа тек 16 жасқа жеткен психикалық дені сау тұлға ие.

Жыныстық қылмыстардың объективтік жағы кінәлі адамдардың Қылмыстық кодекстің диспозициясында немесе басқа бабында анықталған заңға қарсы іс-әрекет жасауна көрінеді. Бұл топтағы қылмыстар құрылымы бойынша формальді болып келеді. Жыныстық қылмыстардың әлдебіреуінің ауырлататын белгілерінің болуын анықтау үшін айыптының іс-әрекеттері мен ауырлататын белгілер арасындағы қажетті себепті байланысты анықтауымыз керек. Талдауға алынып отырған қылмыстар тобының субъективті жағынан тек қасақаналық ниетпен жүзеге асыралытындығына назар аударамыз. Қылмыс жасаудағы себеп, негізінен, нәпсіқұмарлық, бірақ басқа да себептер болуы мүмкін. Ережеге сәйкес жыныстық қылмыстардың басым бөлігі он алты жасқа толған есі дұрыс екі жынысты да адамдардың әрекеттерімен жүзеге асырылады, яғни субъектісі он алтыға толған есі дұрыс адам. Зорлаудың (ҚК 120-бабы) және нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолданудың (ҚК 121-бабы) субъектісі 14 жасқа толған адамдар.

Барлық жыныстық тұтастығы мен тұлғаның жыныстық еркіндігіне қарсы қылмыстар төмендегідей жіктеледі:

1. Зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар. Оларға мыналар жатады: зорлау (Қылмыстық кодекстің 120 бабы), сексуалдық сипаты бар зорлық-зомбылықпен ұштасқан әрекеттер (Қылмыстық кодекстің 121 бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек адам мен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел адам мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына болмаса сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (Қылмыстық кодекстің 123 бабы).

2. Жас балаларды азғындық жолға түсіру (Қылмыстық кодекстің 124 бабы).

3. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (Қылмыстық кодекстің 122 бабы).

Жыныстық қылмыстар жыныстық бостандыққа және жыныстық қол сұғылмаушылыққа қол сұғады. Кейбір еңбектерде жыныстық қылмыстарды объектінің түріне қарай осы екі топқа бөліп жатады (Бұл мәселе келесі сұрақта қозғалады). Ал жасалу тәсіліне қарай: зорлықшыл, зорлықшыл емес. Жәбірленушінің жас мөлшеріне қарай кәмелетке толмағандарға бағытталған және ересектерге бағытталған, деп те топтастыруға болады. Мұндай топтастыру қылмыстық әрекеттерді саралауға әсер етеді. Кейбір жыныстық қылмыстардың түрлерінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттің кәмелетке толмағандарға қатысты жасалынуы ауырлататын мән-жай ретінде қаралады.

Жыныстық қылмыстарды топтастыруға байланысты көзқарастар әртүрлі. Сонымен жыныстық қылмыстар дегеніміз - жыныстық қатынас, сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер міндетті түрде жәбірленушіге қатысты күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіру және мәжбүр ету жолымен немесе онсыз жыныстық бостандыққа және жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы бағытталатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттер болып табылады [5].

ҚР Қылмыстық кодексінің 121 бабымен қарастырылған сексуалды сипаттағы қорлық қылмыстарының объектісі ретінде ер адамның да, әйел адамның да жыныстық бостандығын көрсетеміз. Бұл қылмыстың объективті жағының сипаттамасы жәбір көруші әйелге болмаса өзге де адамдарға күш қолданып болмаса күш қолдану қатерін төндіру арқылы қорқытып, болмаса әйелдің дәрменсіздігін пайдалану арқылы еркек адам мен еркектің, әйел адам мен әйелдің жыныстық қатынастарға түсуі болмаса сексуалды сипаты бар басқа да әрекеттерді жасауымен сипатталады, демек сексуалды сипаттағы әрекеттердің келесі сапалық көрсеткіштерін айқындай аламыз. Біріншіден, бұл - сексуалдық сипаттағы әрекеттер, сексуалды әрекеттердің ықтимал тізімі қылмыстық заңнаманың 121 бабының диспозициясында бекітілген: еркек адам мен еркектің, әйел адам мен әйелдің жыныстық қатынастары және сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер. Екінші айтарымыз, мұндай әрекеттер жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолдану немесе оны қолданбақшы болып қорқыту не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлы адам өзінің әрекеттерінің қоғамға қауіптілігін сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыстың негізгі ниеті - жыныстық құмарлықты қанағаттандыру болып табылады. Бұдан басқа кейбір реттерде кек алу, адамгершілікті аяққа басу, кінәлының өзінің жыныстық қабілетсіздігін (импотенттік) жасыру ниеттері де орын алуы мүмкін. Қылмыстың субъектісі - 14-ке толған ерлер немесе әйелдер.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де іс-әрекеттеріндегі (ҚР ҚК 122-бабы) қылмыстың объектісі - 16 жасқа толмаған адамның жыныстық бостандығына қол сұғушылық. Қылмыстың жәбірленушісі -16-ға толмаған ер және әйел жынысты адамдар. Қылмыстың объективтік жағы -16 жасқа толмағаны айқын адаммен жыныстық қатынаста болу, еркек пен еркектің немесе әйел мен әйелдің қатынасы немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де әрекеттер арқылы көрініс табады. Көрсетілген қылмыс құрамы болу үшін біріншіден кінәлы адам 16-ға анық толмаған жәбірленушімен жыныстық қатынаста (оның ішінде әйел мен еркектің немесе әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы да) болатынын білуі қажет (қылмыстың субъективтік жағы), екіншіден олардың мұндай жыныстық қатынаста болуы және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерді істеуге өзара келісімі болуы қажет, үшіншіден жәбірленуші 18-ге толған адаммен ерікті түрде болатын осы қатынастың мән-жайын, сипатын толық ұғынуы қажет. Қылмыс жыныстық қатынас немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер басталған уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлы адам анық 16-ға толмаған адаммен жыныстық қатынаста немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де қатынаста болғанын сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыстың субъектісі -18-ге толған ер немесе әйел жынысты адам.

Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы) ерекше қылмыс болып табылады. Аталған қылмыстың объектісі жеткіншектердің адамгершілік тұрғысынан дұрыс қалыптасуы болып табылады. Объективтік жағынан қылмыс -14 жасқа жетпегендігі айқын адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс әрекеттерді жасау арқылы көрініс табады. Кінәлының немесе жеткіншектердің жыныстық құмарлығын жыныстық қатынас жасаумен байланыссыз түрде қанағаттандыруға бағытталған әр түрлі іс-әрекеттерді істеуі азғындық деп танылады. Азғындық әрекеттер интеллектуалдық және қимыл көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстың жәбірленушісі болып 14-ке толмаған ер немесе қыз балалар танылады. Азғындық іс-әрекеттерді жасауға жеткіншектердің келісім беруі кінәлының қылмыстық жауаптылығын жоққа шығармайды. Қылмыс формальдық құрамға жатады және ол азғыру әрекеттерін бастаған сәттен бастап-ақ аяқталған деп танылады. Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлы адам жасы анық 14-ке толмаған жеткіншекке күш қолданбай-ақ азғындық іс-әрекеттер жасағанын сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыстық ниет - жыныстық құмарлықты әстерлеу. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған ер немесе әйел жынысты адам.

Қорытындылай қарасақ, жыныстық қатынас адамзат өмірінің ажыратылмас саласын қамтиды. Олар негізінен адамгершілік қағидаларымен, отбасы заңнамасының некелік, сол сияқты некеден тыс жыныстардың өзара қатынастар туралы нормаларымен реттеледі. Тұлғалардың бостандығы мен дербес құқықтығы ересек адамның өз сексуалдық қажеттігін кіммен және қалай шешетін жыныстық бостандығын, сондай-ақ ересектердің де сол сияқты кәмелетке толмағандардың да дербес құқықтығын қамтиды. Кез келген адамның тағдыры кімді болса да бейжай қалдырмауы керек. Біздің міндет - ой тастау, ал оның жүзеге асуы құзырлы органдар мен әр адамның өзіне байланысты. Қалай десек те, адамның жыныстық қол сұғылмаушылығы және жыныстық бостандығына қол сұғушы қылмыскерлерге қатаң жаза тағайындалуы керек. Еліміздің заң шығарушы органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері керекті шешім тауып, осындай сұмдық зорлау оқиғаларының көптеп қайталанбауына жол бермесе екен.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: 2014. - С. 3-4
- 2.Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Ағыбаев А.Н. 2016 ж. Алматы «Қазақ университетті».
- 3.ҚР Қылмыстық кодексі 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған. - Алматы: 2015. - С. 122-126.
- 4.«Қазақстан- 2050» бағдарламасы//adilet.zan.kz
- 5.Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Ағыбаев А.Н. 2016 ж. Алматы «Қазақ университетті».



ӘОЖ 343.13.(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Жумагулова Багира Пісбекбайқызы.

**«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы, заң
ғылымының магистрі**

«Экономика және құқық» факультеті

«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ

Андатпа. Баяндамада күдіктінің процессуалдық мәртебесінің түсінігі, құрылымы және мазмұнына байланысты мәселелер және қылмыстық процеске

қатысушылардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдірудің өзектілігі қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын іске асыру проблемаларына құқық қолдану практикасының қажеттілігімен негізделген мәселелер қарастырылған.

Кілтті сөздер: қылмыстық процесс, субъекті, қылмыстық кодекс, экономика, элемент, аксиоман.

Аннотация. В докладе рассматриваются вопросы, связанные с понятием, структурой и содержанием процессуального статуса подозреваемого и актуальностью совершенствования уголовного судопроизводства в целях повышения эффективности защиты прав участников уголовного процесса.

Ключевые слова: уголовный процесс, субъект, Уголовный кодекс, экономика, элемент, аксиоман.

Annotation. The report examines issues related to the concept, structure and content of the procedural status of a suspect and the relevance of improving criminal proceedings in order to increase the effectiveness of protecting the rights of participants in criminal proceedings.

Keywords: criminal process, subject, Criminal Code, economy, element, axiom.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап, Қазақстандық қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымында біздің қоғамымызда болып жатқан түбегейлі саяси, экономикалық, құқықтық өзгерістерге байланысты қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі ерекше өзекті болды. 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексі қабылданғаннан бері, бұл мәселе, оның кейбір өзгерістерінде, аксиоманың шешімі табылды деп айтуға болады, яғни мемлекет пен қоғамның саяси және экономикалық өміріндегі күрт өзгерістер, сөзсіз, қылмыс деңгейінің өсуіне әкеледі.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдірудің өзектілігі қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын іске асыру проблемаларына құқық қолдану практикасының қажеттілігімен негізделген [1].

Жаңа ҚР ҚПК бірқатар жаңашылдықтар берді, олардың арасында күдіктінің жаңа түсінігі мен іс жүргізу мәртебесін атап өтуге болады. Қазіргі уақытта күдікті болып: өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; заңнамаға сәйкес ұстап алынған; өзіне қатысты күдіктінің іс- әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес (ҚПК-нің 64-бабы), күдіктінің қорғаушы тарапынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың бірі ретінде түсінігі келесі белгілердің қандай да болмасын болуын қамтиды: өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; ҚПК-тің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады [2].

Күдіктінің құқықтық мәртебесі бұл- қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен бекітілген қылмыстық сот ісін жүргізудегі күдіктінің жағдайы. Оны келесі элементтер сипаттайды: іс жүргізу құқықтары мен міндеттері, заңды мүдделері, іс жүргізу құқық қабілеттілігі, іс жүргізу әрекет қабілеттілігі, іс жүргізу жауапкершілігі, іс жүргізу кепілдіктері.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, адам күдікті мәртебесін алуы үшін күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасын, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығару қажет (іс жүргізу әдебиеттерінде бұл әдетте адамды күдікті деп танудың заңды негіздері деп аталады). Бұл ретте, біз жоғарыда атап өткеніміздей, осы негіздемелермен қылмыстық процеске тартылған адамға күдікті мәртебесін беру қажет болған барлық жағдайлар қамтылмайды. Осыған байланысты, кейбір процессуалистер, мысалы, Л. М. Карнеевамен, жоғарыда келтірілген мысалдан бөлек, ҚПК-те көрсетілген құжаттарды жасаумен қатар, белгілі бір тергеу әрекеттерінің хаттамаларын жасау нәтижесінде адамды күдікті ретінде тану ұсынылады [3]. Алайда мұндай жағдайда адам аталған іс-әрекеттер орындалғаннан және олар туралы хаттама жасалғаннан кейін ғана күдікті болады, ал күдіктіге өз құқықтарын іске асыруға уақытылы мүмкіндік беру үшін осы мәртебені иелену оларды орындау алдында болуы тиіс екені анық. Сонымен қатар, күдікті ұғымының өзі ғылым мен техниканың дамуымен қатар, тиісінше қылмыстық процестің теориясы мен тәжірибесімен қатар сөзсіз өзгеретін (толықтырылатын) тергеу әрекеттерінің тізіліміне тікелей байланысты болады.

Күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын зерделеу, оның құқықтық мәртебесі мен мазмұнын құрайтын элементтерінің мәселесін қарастырғанда ғана толық болады. Күдіктінің арнайы (жеке) іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен мазмұнын анықтаудың негізі ретінде жеке тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесі, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы сияқты санаттар болады.

Күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын зерделеу, оның құқықтық мәртебесі мен мазмұнын құрайтын элементтерінің мәселесін қарастырғанда ғана толық болады. Күдіктінің арнайы (жеке) іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен мазмұнын анықтаудың негізі ретінде жеке тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесі, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы сияқты санаттар болады.

Заң әдебиеттерінде «құқықтық мәртебе» және «құқықтық жағдай» ұғымдарының арақатынасы туралы бірыңғай пікір жоқ екенін атап өткен жөн. Мәселен, бір авторлардың пікірінше, жеке тұлғаның «құқықтық жағдайы» ұғымы азаматтың құқықтық белгілерінің, жай-күйі мен мүмкіндіктерінің барлық жиынтығын, оның ішінде осындай жиынтықтың негізгі элементтерін ғана құрайтын және оның өзегі болып табылатын «құқықтық мәртебе» ұғымын да қамтиды [4].

Күдіктінің құқықтық мәртебесінің аталған компоненттерін жеке-жеке қарастырайық.

1. Азаматтық. Ғылыми әдебиеттерде азаматтық - оның қылмыстық іс жүргізушілік мәнінде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне енгізілуі тиіс деген, біздің ойымызша, жеткілікті түрде негізделген пікір бар [5].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге шетелдік күдіктілердің қатысу тәжірибесін зерделеу, оның кейбір жағымсыз сәттерін анықтауға мүмкіндік берді. Олардың негізгілері болып мыналар табылады: өз азаматтарымен салыстырғанда, оларға (шетел азаматтарына) біздің мемлекетіміздің юрисдикциясынан тыс анықтаудан, тергеуден немесе соттан жалтару мүмкіндігін пайдаланады деп қауіптенуге байланысты ұстап алу және күзетпен ұстау сияқты қылмыстық- процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының Конституциясында

және ҚПК-де көрсетілген ана тілін немесе әдеттегі қарым- қатынас тілін пайдалану құқығын бұзу (ондай құқықты бермеу немесе уақытылы бермеу); Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасады деп болжамдалған және тергеу кезінде одан тыс жерлерде жүрген шетелдік азаматтарға қатысты қандай да бір процессуалдық әрекеттерді (тінту, жауап алу, қарау, алу, сот сараптамасы және т.б.) жүргізудің қиыншылығы (ал кейбір жағдайларда- мүмкін еместігі).

2. Құқық субъектілік. Кейбір процессуалистер құқық субъектілік қылмыстық сот ісін жүргізудің қандай да бір қатысушысының құқықтық мәртебесінің құрылымдық элементі емес, осындай мәртебеге ие болудың белгілі бір алғышартын немесе оны іске асыру тетігінің құрамдас бөлігін ғана білдіреді деп санайды. Біздің ойымызша, мұндай ұстанымның бастауын құқықтың жалпы теориясынан табуға болады. Оған сәйкес жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің мазмұны құқықтар мен міндеттердің жиынтығымен немесе жүйесімен шектеледі, ал құқық субъектілік субъектілердің құқықтық қатынастарға қатысу шарасы болып табылады.

Адамның күдіктінің процессуалдық мәртебесінде болу мерзімінің, қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімінен тәуелсіз болуы, бірқатар шет елдердің заңнамасымен де қарастырылғанын атап өту қажет. Бұған көрнекі мысал ретінде, француздық «ассистендірілген куэ» болуы мүмкін, оның мұндай құқықтық мәртебесі оған айып тағылғанша сақталады.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында (ҚПК-нің 67-бабы), кейбір адамдармен қатар, оларда білгілі бір қасиеттер болған кезде (кәмелет жасқа толмағандық, физикалық немесе психикалық кемшіліктер, сот ісін жүргізу тілін білмеу), іс бойынша өндіріске міндетті түрде қорғаушы қатысуы тиіс деген ереже бар (ол күдіктілерге қатысты да қолданылады). Кәмелетке толмағандармен қатар, бұдан басқа, қылмыстық процеске міндетті түрде олардың заңды өкілдері тартылады. Бұл, біздің ойымызша, аталған санаттағы адамдар жеке өздері, өз құқықтарын толық көлемде жүзеге асыруға, сондай-ақ өз міндеттерін орындауға қабілетсіз екендігін көрсетеді.

Күдіктінің барлық құқықтарының басты мақсаты, оның заңды мүдделерін қорғау болып табылатындығын ескерсек, оларды жіктеу кезінде, біздің ойымызша, қорғау объектісі болып табылатын мүдделер тобын ескеру орынды болар еді. Осыған байланысты қылмыстық процесстегі күдіктінің құқықтарын императивті және бастамашы (инициативті) деп бөлуге болады. Күдіктінің сөзсіз мүдделерін қорғауға бағытталған бірінші топтың құқықтарын, құқық иеленушінің, осы құқықтарға сәйкес келетін міндеттерді орындау жөнінде іс- әрекеттер жасауға деген ниетіне байланыссыз (мысалы, күдіктіге қатысты ұстап алу жүзеге асырылғандығы туралы оның туған-туысқандарын хабардар ету) кез келген жағдайда, айыптаушы тарапты білдіретін мемлекеттік органдарға жүктейді. Күдіктінің бастамашылық құқықтарын іске асыру (қорғау пәні болып оның шартты заңды мүдделері танылады) бойынша құқықтық қатынастар, ол бұл туралы ниет білдірген кезде ғана (мысалы, сарапшылар ретінде өзі көрсеткен адамдарды тарту туралы немесе сот сараптамасын жүргізуді нақты бір сараптама мекемесінде жүзеге асыру туралы өтініш берген кезде) туындауы мүмкін.

Күдікті кейбір құқықтарға осы іс жүргізу мәртебесінде болған барлық уақыт аралығында тұрақты түрде (мысалы, өзіне қатысты келтірілген күдік бойынша түсініктеме және айғақ беру құқығы), ал кейбіреулеріне - белгілі бір жағдайларда

ғана (мысалы, беттестіру кезінде күдікті тергеушінің рұқсатымен басқа қатысушыға сұрақ қою құқығын алады) ие болады.

Күдікті құқық субъектісі болып табылатындығынан басқа, ол белгілі бір міндеттерді орындауы тиіс, атап айтқанда: анықтаудан, алдын ала тергеуден жасырынуға немесе қылмыстық іспен айналыспауға; куәға, қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларына қатер төндіремеуге, сондай-ақ дәлелдемелерді жоймауға не қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өзге де жолмен кедергі келтіремеуге; ҚПК-нің 18-тарауы тәртібінде таңдалған бұлтартпау шараларымен белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтауға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша келуге; тұрғылықты жері ауысқан жағдайда - бұл туралы дереу хабарлауға; мүлікке тыйым салынған жағдайда - тыйым салынған мүлікке билік етуге және пайдалануға белгіленген тыйым салуды сақтауға; тиісті рұқсатсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәліметтерін жарияламауға; тергеушінің куәландыру, сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді іріктеп алу, сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыру туралы Заңға сәйкес шығарылған қаулыларына бағынуға; тінту, өзге де тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тиісті мінез-құлық туралы тергеушінің заңды талаптарына, сондай-ақ басқа да іс жүргізу шешімдеріне және т. б. бағынуға тиіс.

Ұстап алуды жүзеге асыру кезінде полиция қызметкері күдіктіні тінтуге және одан іс бойынша дәлелдемелер ретінде қызмет ете алатын қару мен заттарды алуға құқылы, содан кейін қамауға алынған адам ұстау орнына жеткізілуі тиіс. Жеткізілген соң, тез арада ұстап алу фактісі тиісті түрде арнайы полиция журналында рәсімделуі тиіс, онда күдіктінің аты-жөні, оны жеткізу уақыты, сондай-ақ ұсталған адам жасады деген күдік бойынша қылмыстың фабуласы көрсетіледі. Осы кезде ұстап алынған адамға оған қандай күдік келтіріліп отырғандығы түсіндіріледі және кез келген адамға телефон арқылы қоңырау шалу мүмкіндігі беріледі. Осы рәсім аяқталғаннан кейін, полиция күдіктіні кепілдікпен немесе соттың немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін лауазымды адамның шақыруы бойынша келу туралы жазбаша міндеттеме бойынша босата алады, ал күдіктіні одан әрі күзетпен ұстау ниеті болған жағдайда (егер ол жасырынуы, сот төрелігіне кедергі келтіруі не айналасындағыларға қауіп төндіруі мүмкін деп есептеуге негіз болса) -камераға орналастыра алады.

Қылмыстық процесте күдікті мен айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың негізі адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын шектеу критерилері тек заң деңгейінде белгіленуі тиіс болып табылады. Күдіктінің құқықтарын іске асыру және заңды мүдделерін қорғау өздігінен жүргізілуі мүмкін емес. Ол үшін белгілі бір жағдайлар мен факторлардың, атап айтқанда күдіктінің субъективті құқықтары мен мүдделерінің кепілдігінің болуы қажет. Сондықтан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері болып не танылады деген сұрақтар ғылыми түрде ғана емес, сонымен бірге үлкен тәжірибелік маңызға ие. Күдіктінің немесе қылмыстық процестің басқа қатысушысының оларға берілген құқықтарды пайдалану қажеттілігіне қарамастан, қылмыстық істерді қарау мен тергеу кезінде олардың заңды мүдделері қамтамасыз етілуі керек.


Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизмінде прокурорлық қадағалау және сот бақылауы туралы мәселені қарастыруды қорытындылай келе, прокуратураның қадағалауы тұрақты және үздіксіз әрекет ететінін, ал сот оларды мүдделі адамдардың бастамасы бойынша, азаматтардың

нақты өтініштері мен шағымдарының келіп түсуіне қарай және әдетте, жариялы сот талқылауы арқылы ғана іске асыратынын атап өткен жөн.

Күдіктіні ақтауды қорытындылай отырып, ақтау негізсіз және заңсыз қылмыстық қудалауға алып келетін тергеудің және соттық қателіктердің нәтижесі, сондай-ақ негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған адамның ар - намысын, беделін, жақсы атын қалпына келтіруге, әділдік сезімін қанағаттандыруға, моральдық және материалдық залалды өтеуге әкелетінін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Утибаев Г.К. Қылмыстық үрдісте адамның құқығын жүзеге асыру. Реализация прав человека в уголовном процессе: учебно-методическое пособие.- Павлодар: Дом печати, 2011.- 63 с.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
3. Боровский Э. Понятие подозреваемого в советском уголовном процессе // Вестник МГУ. Серия 10. Право. 1963.- № 3.- С. 33-35.
4. Витрук Н.В. Основы теории правового положения личности в социалистическом обществе. - М.: Наука, 1979.
5. Строгович М.С. Правовые основы положения и деятельности личности при социализме // Социализм и личность.- М., 1979.- С. 213-216.



ӘОЖ 343.13.(574)

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН, ҚАМАҚТАН НЕМЕСЕ КҮЗЕТТЕНҚАШУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Жумагулова Багира Пісбекбайқызы

«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі

«Экономика және құқық» факультеті

«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ

Андатпа. Бас бостандығынан айыру орындарынан қамақтан немесе күзеттен қашудың криминологиялық сипаттамасы және олардың алдын-алу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары н қолдана отырып әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылатындығы айтылған.

Кілт сөздер: криминология, кодекс, пенитенциарлық, рецидивист, экстремист,, террорист, империя, психология.

Аннотация. Рассмотрены криминологическая характеристика побегов из мест заключения или содержания под стражей и проблемы их предотвращения. При этом указано, что задачами уголовного законодательства Республики Казахстан являются восстановление социальной справедливости, исправление осужденных, недопущение

совершения осужденными и иными лицами новых уголовных правонарушений.

Ключевые слова: криминология, кодекс, пенитенциарный, рецидивист, экстремист, террорист, империя, психология.

Аннотация. The criminological characteristics of escapes from places of detention or detention and the problems of their prevention are considered. At the same time, it is indicated that the tasks of the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan are the restoration of social justice, correction of convicts, prevention of the commission of new criminal offenses by convicts and other persons.

Keywords: criminology, code, penitentiary, recidivist, extremist, terrorist, empire, psychology.

Қылмыстық жаза мемлекеттік күштеу шараларының бірі болып табылады және ол мемлекеттің қылмыспен қарсы күрес жүргізу құралдарының бірі ретінде қолданылады. Ал қылмыскердің өзі үшін жаза – ол жасаған қылмыстың қылмыстық-құқықтық зардабы. Мемлекет қылмысқа қарсы күрес жүргізуде әртүрлі әлеуметтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, рухани шаралардың барлық түрін кеңінен қолдануға тырысады. Мемлекеттің қылмысқа қарсы күрестегі қолданатын шаралары сан түрлі. Осы шаралар ішіндегі ең негізгісі де ықпалдысы да – жаза, яғни жазалау шарасы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 39-бабында «жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады» делінген [1]. Жазаны орындамау заң мен сот төрелігінің беделіне ғана зиянын тигізіп қоймай, сонымен қатар барлық қылмыстық заңның қызметін іс жүзінде пайдасыз етеді.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады [2].

Қазақстандық отандық заң бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу және оған тағайындалатын жауапкершілік мәселелерінде ұзақ және қиын даму жолынан өтті. Қазақстан Ресей империясының құрамында ұзақ уақыт болғандықтан, қашуды қылмыстық саралау мен қашу үшін жауапкершілік тарихы революцияға дейінгі кезеңнен бастау алады. Сол кезеңнің қылмыстық құқығында бас бостандығынан айыру орындарынан қашу – тұтқыннан қашу деп аталған.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыс және оның себептері, сотталғанның жеке басы және қылмыстық мінез – құлқы, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстың алдын алу-криминологияның бірыңғай ғылыми бағыттарының бірі ретінде пенитенциарлық криминология пәнін құрайды.

Р.Е. Джансараеваның айтуынша, "пенитенциарлық криминологияның сандық және сапалық көрсеткіштері, оның себептері мен қылмыскердің тұлғасы, сондай-ақ алдын алу шараларын әзірлеу, онымен күресті болжау және жоспарлау қылмыстық әрекеттің басқа түріне тән емес" [3]. Осылайша, біз бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандар жасаған қылмыстардың салыстырмалы түрде оқшауланған түрлерін немесе қайталанатын қылмыстың ерекше түрін қарастырамыз. Қашу мен жалтару "пенитенциарлық рецидив" ұғымына жатады, олар бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамның қылмыс жасауы деп түсіндіріледі [4].

Қашу қылмысы – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуге қарсы

белсенді наразылық түрі болып табылады. Аталмыш қылмысты жасаған кезде әрекет етуші тұлға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің өзіне

қойылған міндеттерін орындамайды және осы іс-әрекетімен көрсетілген қарым-қатынас жүйесінен өзін толықтай алып тастайды. Оның қоғамға қауіптілігінің жоғары екендігін халықаралық құқық нормалары да көрсетеді.

Бас бостандығынан айыру орындарынан сотталғандардың қашуы айтарлықтай әлеуметтік-қоғамдық қауіпті болып табылады, қашу кезінде жазаның бұлтартпастығы қағидаты бұзылып қана қоймай, қашу фактісінің өзі сотталғандардың тұрақсыз бөлігіне, сондай - ақ бостандықтағы қылмыскерлерге теріс әсер етеді, біріншіден жазасын өтеуден жалтаруға деген үмітін туындай отырып, ал екіншіден-қылмыс жасағаны үшін жазасыздық сезімін тудырады.

Қашудың әлеуметтік-қоғамдық қауіпі қашқандардың заңсыз жағдайда, әдетте, өзінің өмір сүруі үшін қылмыстық жолмен қаражат табуы және басқа адамдарды қылмыстық іс-әрекетке тартуы болып табылады.

Қашу - бұл заңмен белгіленген мерзімге оқшауланған адамның нақты көзқарасын айқындайтын және оның әлеуметтік институттардың нормативтік күтуіне сәйкес келмейтін іс-әрекеті. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 426-бабында, бас бостандығынан айыру орындарынан қашудан басқа, қамақтан қашу және күзеттен қашу үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған [5].

Қылмыстылық – адамның мінез-құлқы нысандарының бірі, ал қылмыс – адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылығы.

Бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстың жасалуының ішкі себебіне сотталғандар, сезіктілер, айыпталушылар мен сотталушылардың арасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауы, зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің болуы жатады.

Қашудың басты мақсаты – бас бостандығынан айыру орнынан қашуға деген ынтаның болуы, жазасын өтеуден жалтару. Бірақ себептердің, жағдайлардың және мақсаттың болуы жеткіліксіз. Сотталған қашқан кезде әрдайым қолайлы жағдайлардың болуы мүмкін емес.

Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінен қашудың барлық жағдайларын келесідей бөлуге болады: объективті, яғни кінәлінің жеке басына байланысты еместігіне, мысалы, су тасқыны, жер сілкінісі, ҚАЖ мекемесі әкімшілігінің дұрыс құрылмауы немесе жеткіліксіздігі, табиғаттың өзгеруі (тұман, қар көшкіні, жел), нашар көрушілік және субъективті, яғни жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің зерттелмеуі.

Қашуға дайындық барысында сотталғандар тамақ өнімдерін, ақшаны, азаматтық киімді, жеке басын куәландыратын құжаттарды және т.б. алуын ұйымдастырады.

Криминология қылмыскер тұлғасы деп қылмыстық заңды басқа жағдайлармен және мән-жайлармен қоса адамды кінәлі ететін, осылайша оның қоғамға жат қылықтарына әсер ететін әлеуметтік мәні қасиеттердің, белгілердің, қатынастырдың жиынтығы деп таниды. Арнайы профилактиканың негізін қашу мен жалтарудың жеке профилактикасы және оларды жоюға бағытталған, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимін бұзуға және оларға жеке-тәрбиелік сипаттағы шаралар қабылдауға бағытталған шаралар қабылдау құрайды. Көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін маңызы бар: соттылық саны; алкогольге немесе есірткіге тәуелділіктің болуы; бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуге дейінгі және уақытында мінездемелер; соңғы соттылық мерзімі;

қоғамға жат көңіл-күй дәрежесі; қару мен қосалқы құралдардың болуы; бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу орындарында құқық бұзушылық тәжірибесінің болуы; ҚАЖмекемесі әкімшілігінде немесе қызметкерлер ортасында байланыстардың болуы. Пенитенциарлық мекемелерден қашу саны қылмысының өсуіне ықпал ететін маңызды фактор ұйымдастырушылық және операциялық-алдын алу жұмысының деңгейі болып табылады. Жазаны өтеуді және сотталғандардың мінез-құлқын қадағалауды ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер, жедел ақпараттың болмауы, қызметкерлердің өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайлы қарауы мекемеден қашудың негізгі шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған жол картасында көрсетілген тармақтардың бірінде сотталғандарды камералық жағдайда ұстауға толығымен көшу үшін реконструкциялау жүргізу немесе жаңа мекемелер салу мүмкіндігі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауға байланысты көптеген мәселелерді шешкен болар еді, бұл жағдайда қаралып отырған қылмыс түрінің алдын алуда маңызды орыналады.

Қазақстан Республикасының ҚАЖ-ді одан әрі дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған жаңа бағдарламасында сотталғандарды жасақтап ұстаумен камералық және жасақтап ұстауды ұштастыра отырып аралас типке біртіндеп көшу жөнінде шаралар қабылдау көзделіп отыр. Сондықтан жасақта сотталғандар санын қысқарту, отряд бастықтарын өздеріне тән емес функциялардан арылту, кәсіби психолог-педагогтардың санын арттыру қажеттілігі осы жағдайда тағы бір растама алады деп есептейміз.

Жалпы қашудың алдын алу потенциалды және оған бейім қылмыскерлерді тәулік бойы қадағалау мүмкіндігіне байланысты жеңілдетіледі. Бұдан басқа, полиция қызметкерлерінен қарағанда, мекеме қызметкерлері қылмыстың кез келген түрін алдын алу үшін барлық мүмкіндіктерге ие.


Қорыта келе, зерттеу жұмысында осы бөлімшенің маңыздылығы жоғары екендігін атап өтеміз. Себебі, адамның тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай жеке адам қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін біліп-түсіну мүмкін емес. Атап айтсақ, қылмыскер тұлғасы – яғни, қылмыс жасаған тұлғаны сипаттайтын және оның қылмыстық мінез-құлқына ықпал ететін әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік, құқықтық қасиеттердің, белгілердің, байланыстардың жиынтығы зерделенді. ҚАЖ мекемелерінде құқық бұзушылықтардың алдын-алу мен болдырмау, сотталғандарды тәрбиелеу бағытында жүргізілетін іс-шаралардың ішінде ең алдымен, сотталғанның тұлғасымен танысып, оны зерттеу маңызды орын алады. Оның психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерін негізге ала отыра, тәрбиелік ықпал ету шараларын дұрыс, әрі тиімді қолдану ықтималдылығы артады. Аталған жағдайлар негізінде сотталғанның қашуы, адамды кепілдікке алу кезіндегі қызметкердің психологиялық-моральдық тұрақтылығын қалыптастыру бойынша теориялық оқыту мен тренингтерді ұйымдастырып келесідегідей тақырыптарды қамтуды және енгізуді ұсынамыз.

Мекемедегі есепте тұрған сотталғандармен, атап айтсақ: қашуға бейім; теріс бағыттағы топтардың көшбасшылары мен белсенді қатысушылары, сондай-ақ басқа күдіктілерге, айыпталушыларға, және сотталғандарға теріс әсер ететін адамдар; әкімшіліктің заңды талаптарына топтық қарсы іс-қимылды ұйымдастыратын және арандататын; есірткі заттарын, психотроптық заттарды, күшті әсер ететін медициналық перепараттар мен алкогольді сусындарды қолдануға және сатып алуға бейім; сот нашақорлықтан және алкоголизмнен емдеуді қажет етеді деп танылған;

өзіне-өзі қол жұмсауға және дене мүшесін зақымдауға бейім; материалдық немесе өзге де пайда табу мақсатында құмар ойындарды ұйымдастыратын немесе белсенді қатысатын адамдар; ішкі тәртіп ережелерін жүйелі түрде бұзуға бейім; экстемистік, террористік идеологияны насихаттайтын немесе тарататын; түзеу мекемелерінің қалыпты қызметін ұйымдастыру, жаппай тәртіпсіздік үшін жазасын өтеуші тұлғалармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін, олардың психологиялық ерекшеліктерін, қашуды тоқтату мен адамды кепілдікке алу кезінде қолданылатын тиісті әрекеттер туралы тақырыптарды қамтитын болуы керек. Аталмыш білім беру ҚАЖ мекемелері қызметкерлерінің білімін жетілдіріп қана қоймай, тәжірибеде сотталғандармен қызмет етудің тиімділігін арттырады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://qamqor.gov.kz/> (11.02.2020)
2. Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған жол картасы.
3. Жуйков А.Л. Исторические аспекты уголовной ответственности за побег из места лишения свободы, из-под ареста или из-под стражи // Государство, право, общество: Сборник научных трудов в 2 ч. – Пермь, 2006. – Ч.2 – С.125, 126, 127.
4. Гаврилой В.М. Криминологические и правовые меры предупреждения аобегов из исправительных колоний: Лекция. – Рязань: Академия права и управления ФСИН России, 2005 – С.30
5. ҚР Қылмыстық кодексі 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған. - Алматы: 2022ж. (толықтырулармен, өзгерістермен)



ӘОЖ 343.68-44

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Жумагулова Багира Пісбекбайқызы

«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымының магистрі

«Экономика және құқық» факультеті

«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ

Андатпа. Баяндамада кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептері мен жағдайлары және алдын алу шараларына қатысты мәселелері қарастырылған. Кәмелетке толмаған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылықтың қоғамдық қауіптілігі кәмелетке толмаған тұлғалар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға, мемлекетке және жекелеген адамдарға келтіретін зардабының дәрежесі жоғары болатындығы айтыла отырып, алдын алу шаралары туралы мәселе көтерілген.

Кілтті сөздер: криминология, виктимология, кодекс, физикалық, психатриялық, институт, агрессивті

Аннотация. В докладе рассматриваются причины и условия правонарушений несовершеннолетних и вопросы, связанные с профилактическими мерами. Поднят

вопрос о мерах пресечения, констатируя, что общественная опасность совершения уголовных правонарушений несовершеннолетними заключается в том, что уголовные правонарушения, совершаемые несовершеннолетними, несут высокую степень вреда обществу, государству, личности.

Ключевые слова: криминология, виктимология, кодекс, физический, психиатрический, институт, агрессивный.

Annotation. The report examines the causes and conditions of juvenile delinquency and issues related to preventive measures. The issue of preventive measures was raised, stating that the public danger of committing criminal offenses by minors lies in the fact that criminal offenses committed by minors carry a high degree of harm to society, the state, and the individual.

Keywords: criminology, victimology, code, physical, psychiatric, institute, aggressive.

Бүгінгі күні қоғам алдында тұрған әлеуметтік маңызды және өзекті міндеттердің бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтармен қылмыстылықтың өсуін төмендету жолдарын іздестіру, олардың алдын алу тиімділігін арттыру болып табылады. Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылығы жалпы қылмыстылықтың аса қауіпті түрі, себебі ол өскелең ұрпақтың келешегіне балта шабатын іс-әрекеттердің бірі. Қылмыстық құқықта ол күні бүгінге дейін өзекті мәселелер қатарында.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы мәселесі әрқашан халықты алаңдататын мәселе, себебі бүгінгі жасөспірімдер ұлтымыздың, еліміздің ертеңгі болашағы болып табылады. Соңғы жылдары елімізде кәмелетке толмағандардың қылмыстылық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеген жоқ (2017 жылы – 3338, 2018 жылы – 3343, 2019 жылы – 3156, 2020 жылы – 3156, 2021 жылы - 2824).

Кәмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыстарға алып келетін мінез-құлықты қалыптастыру мен бекітуге отбасылық институттардың бұзылулары, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық даму ерекшеліктері және оларды отбасы мен білім беру мекемелерінің тәрбие және педагогикалық тәжірибесіндегі есепке алудың тиімділігі, жасөспірімдер мен жастардың бейресми топтарының рөлі, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамудың жағымсыз тенденциялары сияқты факторлар әсер етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес адам және азамат өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру барысында басқа адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін бұзбауы тиіс [1]. Өскелең ұрпақта адамгершілікті көзқарастар қалыптастыру, салауатты мінез бен мінез-құлыққа ие жалпы адамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығына басты назар аударып отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз құқық және өнегелілік идеясы салтанат құратын өркениетті қоғам құрғымыз келетін болса, онда әрбір азамат мектеп жасынан бастап қарапайым негізді игеру қажет» - деп атап өтті [2].

Кәмелетке толмаған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылық мәселесі өзінің күрделілігіне байланысты әрқашан терең ғылыми- тәжірибелік зерттеулерді қажет ететін саласы.

Кәмелетке толмаған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылықтың қоғамдық қауіптілігі кәмелетке толмаған тұлғалар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға, мемлекетке және жекелеген адамдарға келтіретін зардабының дәрежесі жоғары болады. Олар кейін басқа адамдарды да

қылмыс жасауға тартады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы ересектер қылмыстылығымен тығыз байланысты болады. Кәмелетке толмағандарды қылмыстылық әрекетке тарту кезінде ересектер оларды арандату жолымен, олардың тілегінен тыс қылмыстылық әрекетке тарту, олардың сенгіштігі мен білместігін пайдалану жолымен жүзеге асыруы мүмкін.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстылық әрекетке тарту оларға физикалық немесе психикалық ықпал ету арқылы (алдау, қорқыту, уәде ету, қауіптендіру, күш көрсету, есірткі қолдану т.б.) қылмыс жасауға итермеллеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыс әрекеті нақты жасалған сәтте, қарастырылатын қылмыстың құрамы жоқ болған кезде аяқталды деп саналады. Кәмелетке толмағандады қылмыстылық әрекетке тарту әртүрлі болуы мүмкін: қылмыстылыққа қызығушылығын тудыру, кәмелетке толмағандар арасында әңгімелер, түрлі кештер ұйымдастыру қылмыстылық әрекетке жататын әртүрлі тапсырмалар беру арқылы да іске асырады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына ерекше қатыгездік, өз құрбандарына деген асқан батылдық сынды қасиеттер тән. Әдетте жасөсіпірімдер өз қылмыстық ниеттерін топ болып жүзеге асырады, көптеген жағдайда пайдакүнемдік, бұзақылық ниеттерді басшылыққа ала отырып әрекет етеді, олар құрдастарының арасында өз беделін арттырғысы келеді, көптеген жағдайларда ашуланшақтыққа бой алдырады.

Атап өткендей, кәмелетке толмағандар қылмыстылығына тән ерекше белгілерінің бірі – қылмыстардың топ болып жасалуы. Топ болып жасалатын қылмыстарға айтарлықтай қатыгездік және жіберленуші аямаушылық сынды қасиеттер тән. Оған кәмелетке толмағандардың күнделікті әлеуметтік ортасы және жеке девиациялар ықпал етеді (БАҚ-да қатыгездікті, күш қолдануды және опасыздықты қалыпты құбылыс ретінде көрсетіп бейнелеу, білім беру мекемелерінде тиісті деңгейдегі құқықтық тәрбиенің болмауы, бос уақытты өткізуге арналған мекемелердің дамымағандығы немесе ақылы, яғни көптеген балалар үшін қол жетімсіз болуы). Аталған мән-жайлар кәмелетке толмағандарды топтар болып ұйымдасуына және топ шеңберінде қылмыс жасауға жағдайлар жасайды. Осы орайда кәмелет жасқа толмағандар қылмыстылығымен байланысты проблемаларды зерттеуде олардың жасаған қылмыстылық ерекшелігіне, кәмелетке толмағандардың криминологиялық қылмыстылығының айырмашылықтарына, олардың қылмыстылық мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне аса көңіл аудару қажет. Соңғы жылдары кәмелетке толмағандар қылмыстылығының төмендеуі байқалғанмен, олар жасаған қылмыстардың басым бөлігі есепке алынбайды. Сондықтан кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың нақты саны бәрімізге мәлім криминалды статистикадан үш-төрт есе рет артады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары агрессивті және қатыгездікпен сипатталады. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың қоғамдық қауіптілік деңгейін арттыруға бұқаралық ақпарат құралдарының криминалдық бизнесті ынталандыратын «қазіргі заманғы» қажеттіліктер мен жүріс-тұрыс стилінің үлгілерін (притондар мазмұны, сутенерлік, жезөкшелік, есірткінің таралуы, порнография және басқалар) күштеп таңуына ықпал етеді. Бұған көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары мен теледидар бағдарламалары, зорлық-зомбылықты көрсету және насихаттау арқылы отандық және шетелдік өндіріс фильмдері тарапынан ойластырылмаған ақпараттық саясат ықпал етеді.

Кәмелет жасқа толмағандардың басым бөлігі қоғамға қауіпті әрекет жасағанмен, қылмыстылық жасына жетпегендіктен қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Олардың арасында тонау, қарақшылық фактілерімен қатар, әйел зорлау, есірткінің

заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар да етек алуда. ПМ Кәмелетке толмағандардың істері бойынша бөлімшелерінің есебіне сүйенсек, елімізде жыл сайын 3000-3500 аса бала қылмыстық жауапқа тартылатын жасына жетпей қоғамға қауіпті іс-әрекет жасайды екен.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың бір ерекшелігі – кәмелетке толмағандардың өз қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін суық қаруды және дәрі-өкпен атылатын қаруды қолдануы.

Осыдан, кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар бұдан 10-15 жыл бұрын жасалған қылмыстардан айтарлықтай өзгеше екендігін байқауға болады: адам өлтіру қылмысын, адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру кезінде суық қаруды немесе өкпен атылатын қаруды пайдалану (80-85% жағдайларда); кәмелетке толмағандардың ұстаздарға шабуылдар санының өсуі, құрдастарын ұрып-соғып, оны бейнетаспаға түсіріп алуы және кейін Интернет ғаламторына орналастыру; кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жаппай төбелестер санының күрт өсуі, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстар санының күрт өсуі [3].

Кәмелетке толмағандар арасында маскүнемдік, есірткі, уытты заттарды пайдалану таралғанын статистикалық мәліметтер де дәлелдейді [4]. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында есірткіні медициналық емес тұтынудың таралуы ерекше алаңдаушылық тудырады — алғашқы есірткі тұтынудың жас шамасы 13-14 жасқа дейін төмендеді.

Кәмелетке толмағандардың басым бөлігі тиісті деңгейде тәрбие мен білім алмайды, өмір сүру үшін қажетті бағыт-бағдарлардың қандай екендігін білмейтін жасөспірімдер ішімдікке, нашақорлыққа, әлеуметтік апатия, сыбайлас жемқорлық көріністерінің қармауына оңай түсіп қалады. Осындай жағдайлар әрине біздің қоғамымыздың дамуына айтарлықтай алаңдатушылық туғызады. Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, жезөкшелік, маскүнемдік сияқты теріс әрекеттер орын алады. Осы ретте, кәмелетке толмаған адамдардың жеке тұлғасын әлеуметтендіру, олардың құқықтық тәрбиелеуді ғана қажет етіп қоймай, сондай-ақ оларға шынайы көмек көрсету кезінде әлеуметтік-психологиялық ықпал ету мүмкіндігі бар мамандандырылған мекемелер жүйесін құру қажеттілігі бар.

Еліміздегі қылмыстық жағдайдың нашарлауы салдарынан кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық әлі де белең алуда. Бұған тағы себеп кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуынан, халықтың едәуір бөлігінің тұрмыстық ахуалының нашарлауынан, қоғамдағы әлеуметтік жікке бөлінудің ұлғаюынан болып отырғандығын ескермеуге болмайды [5].

Кәмелетке толмағандармен қатыгез (барлық балалар жарақаттарының 70% астамы отбасылық-тұрмыстық сипаттағы) қарымқатынас көріністерінің өсуі байқалады. Алдын ала есептеу нәтижесі зорлық-зомбылық әрбір төртінші отбасында кездесетінін көрсетеді.

Қатыгез қарым-қатынастан сақтану үшін көптеген балалар жанұясынан, балалар үйлері мен интернаттан кетеді, ал осы балалардың 10%-ы осындай қарым-қатынастың нәтижесі өлім болып табылады. Суицид жағдайлары жиі кездеседі [6].

Кәмелетке толмаған қылмыстың орташа статистикалық портреті келесідей: жасы 16-дан 17-ге дейінгі кәмелетке толмаған; жұмыссыз, орта білімі бар; бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, қызығушылықтарының, еңбек дағдыларының жоқтығымен, өзінің алдағы тағдырына айырмашылықтарынсыз сипатталатын балалар.

Олар үшін рухани сезімдер мен эмоциялардың дамымауы, тәртіпсіздік, дөрекілік, агрессивтілік, жалқаулық және жалқаулық тән. Оларды тек мақсатты, жүйелі ақыл-ой немесе физикалық дамытуды талап етпейтін жеңіл, ойын- сауық сипатында, өткір сезімді тудыратын іс-әрекеттер қызықтырады.

Балалар тәрбиелеудегі маңызды орын отбасына беріледі. Өмір заңы сол - өзара көмекке дайын, ұйымшыл болып саналған отбасында тәрбие алған балалар тәрбиелі және еңбекқор болып шығады. Оған қоса, ата-аналары балаларды қорғау мен тәрбиелеуге қатысты қолданыстағы заңнамалық актілермен жеткілікті түрде таныс болса, осы маңызды міндетті тиісінше жемісті орындап шығады.

Отбасында кәмелетке толмағанның дұрыс тәрбие алып, өсуі үшін елімізде көп жағдайлар жасалуда. Біздің қоғамда отбасы ұрпақты тәрбиелеу ісіне маңызды қадамдар жасап, үлесін қосып келеді. Отбасының тәрбиелік ықпалы қоғамдық тәрбиеге барынша жақын тұрса, соншалықты ол күшті, әрі өнімді болмақ. Келешек ұрпақты тәрбиелеу, оның дене және рухани жағынан дамыту отбасының маңызды міндеті болып саналады. Бүгінгі күні алдын алу қызметін жүзеге асыратын әр түрлі субъектілердің іс-әрекеттерінде ведомствоаралық бытыраңқылық пен келіспеушілік әлі де бар. Осы орайда ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі немесе тиісінше ұйымдастырылмауы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғаумен айналысатын, олардың тәрбиесі мен жұмысқа орналасуына жауапты мекемелерді бақылайтын ұйымдардың мәртебесін көтеру қажет, сонда ғана олар қоғамнан өз орнын табады, өздерін қоғамның толық мүшесі ретінде сезінеді.

Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу мекемелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық-экономикалық тетіктерді жетілдіруді талап етеді. Қорытындылай келе, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар мәселесі қазіргі кезде тек криминолог мамандарды толғандыратын мәселе ғана емес, бүкіл қоғамды толғандыратын мәселе екені анық. Өскелең ұрпақтың болашағы саналы да салиқалы, әрі білімді де білікті бүгінгі біз тәрбиелеп жатқан балалардан шығатынын ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің жаңа бұқаралық ұйымдарын құруға және дамытуға барынша жәрдемдесу қажет. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын ескертудің жалпы әлеуметтік деңгейі тұрғысынан бүгінгі күні балалар, жасөспірімдер және жастар ұйымдарының тармақталған құрылымының болуы өте маңызды. Олар жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырмай, өздерінің бейімділігін көрсетуге және қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі іске асыру қажеттілігін қанағаттандыруға, өз мүдделерін жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді. Әрине, мұндай құрылым құру белгілі бір материалдық шығындарды, нормативтік құжаттар кешенін әзірлеуді, ұйымдастыру мәселелерін шешуді талап етеді. Алайда, бұл қажет. Біздің ойымызша, қиын жасөспірімдерді, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды бос уақытты өткізудің стандартты түрлеріне тарту оң әсер етер еді.

Осы проблемалардың барлығы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алудың кешенді-мақсатты бағдарламаларына енгізілуі тиіс. Бүгін әлеуметтік жұмыс, мамандардың кәсіпқойлығы саласындағы мемлекеттік стандарттардың тиімді ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметін аттестаттау тәртібін пысықтау алда тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық- құқықтық жүйесі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары бойынша сот ісін жүргізу. Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация/ <https://stud.kz/referat/show/44908>
3. Құлжақаева Р. Б. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу: оқу құралы / Роза Балбатырқызы Құлжақаева, Мирлан Ахмедяұлы Қызылов, Совет Қапашұлы Алтайбаев; ҚР ішкі істер м-гі, Б.Бейсенов атын. Қарағанды акад. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атын. Қарағанды акад., 2014. – 86 б.
4. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық [статистика және арнайы есепке алу жөніндегі](http://pravstat.prokuror.gov.kz/) комитеті <http://pravstat.prokuror.gov.kz/>
5. Антонян Ю.М. Типология преступников и определение их классификационных признаков //Криминологическая классификация преступлений и преступников // Сб. статей. – М., 2016.–207с.
6. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен панасыздық, құқық бұзушылық мәселелері бойынша әдістемелік құрал / Балалардың құқықтары қорғау комитеті; жауап. ред. А.Е. Копылова.- Астана: Тау-Самал, 2017.- 328 бет.

**ӘОЖ 343.33-28****ПОРНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ НЕМЕСЕ ЗАТТАРДЫ
ЗАҢСЫЗ ТАРАТУМЕН КҮРЕСУДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ
ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Жумагулова Багира Пісбекбайқызы****«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы
заң ғылымының магистрі****Қайратқызы Медина, 2 курс магистранты****«Экономика және құқық» факультеті****«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ**

Андатпа. Баяндамада порнографиялық материалдар мен заттардың заңсыз айналымы қылмысын зерттеуге және оның алдын алу, одан сақтандыру проблемаларына арналған. Жұмыста порнографиялық материалдар мен заттардың заңсыз айналымы қылмысын әлеуметтік-құқықтық тегі зерделенген, оларға қылмыстық-құқықтық сипаттама берілген, оларды жасаудың жолдары қарастырылған.

Кілтті сөздер: порнографиялық өнімдерді, статистика, конвенция, сексология, институт, қылмыстық кодекс, психосексуалдық даму, агрессия, реабилитациялық орталық., фелляция, оргия, педофилия, гомосексуаль, эротика, дефиниция.

Аннотация. Доклад посвящен изучению преступления незаконного оборота порнографических материалов и веществ и проблемам его предупреждения и

пресечения. В работе исследуется социально-правовое происхождение преступления незаконного оборота порнографических материалов и предметов, дается их уголовно-правовая характеристика, приводятся способы их совершения.

Ключевые слова: порнографических продуктов, статистика, конвенция, сексология, институт, уголовный кодекс, психосексуальное развитие, агрессия, реабилитационный центр, фелляция, оргия, педофилия, гомосексуаль, эротика, дефиниция.

Annotation. The report is devoted to the study of the crime of trafficking in pornographic materials and substances and the problems of its prevention and suppression. The paper examines the socio-legal origin of the crime of illegal trafficking in pornographic materials and objects, gives their criminal-legal characteristics, and provides methods of their commission.

Keywords: pornographic products, statistics, convention, sexology, institute, criminal code, psychosexual development, aggression, rehabilitation center, fellatio, orgy, pedophilia, homosexual, erotica, definition.

Порнография және эротика, өте ерте кезден белгілі адамның сексуальды өмірін материалды жағдайда көрсететін элеуметтік құбылыс болып табылады. Қазіргі қазақстандық қоғамда порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз таратудың қоғамдық қауіптілігі өте жоғары. Ол, порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз таратудың адамгершілікке қарсы жасалатын қылмыс болып табылатындығымен анықталады. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика мен ақпарат Орталығының статистикалық мәліметтеріне сәйкес қарастырылып отырған қылмыстың қарқындылығы байқалады.

Демек, порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату үшін жауаптылық көздейтін ҚР ҚК-нің 311-бабының мазмұны және оның тәжірибеде қолданылуы, сонымен қатар осы әрекеттің ҚР ҚК-нің басқа баптары бойынша саралау мәселесі, арнайы зерттеуді талап ететін бірқатар мәселелерді алға қояған. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды тарату немесе жарнамалау мақсатында оларды заңсыз дайындау, тарату, жарнамалау, сол сияқты порнографиялық сипаттағы баспа басылымдарын, кино - немесе бейнематериалдарды, бейнелерді немесе өзге де заттарды заңсыз алып өту немесе олармен сауда жасау – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Айта кетсек мысалы 1871 ж. Германияның Қылмыстық Ережесінде «ұятсыз шығармаларды» сату мақсатымен, сатудан, тарату, ашық шығарудан және жарнамалау үшін қылмыстық жауапкершілік бекітілген еді. «Ұятсыз шығармалар» деген ұғымның өзін немістің қылмыстық құқық ғылымы былай деп түсіндірген «жыныстық қатынасқа әуестікті дәрежелік танытатын және жыныстық ара-қатынасты көздыруға бағытталған шығармалар» [1].

Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз таратуға халықаралық құқық нормасымен тыйым салынған. 1923 жылы «Порнографиялық бұйымдарды тарату және олармен сауда жасауға қарсы шаралар туралы» Женева конвенциясы қабылданған. Осы конвенцияға қосылған барлық мемлекеттер өздерінің ұлттық Қылмыстық кодексінде осы тектес іс-әрекетті қылмыс деп танып,

жауаптылық белгіленген. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды таратудың қоғамға қауіптілігі сол, мұндай әрекеттер жас өспірімдердің дене бітімі немесе психикалық адамгершілік жағынан дұрыс дамып жетілуіне теріс әсер етеді, жыныстық қатынастар туралы оларға кереғар нанымдарды уағыздайды, мұндай материалдармен танысу арқылы олар әйел зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы зорлық әрекеттерін, тағы басқадай түрде азғындату әрекеттерін жасауға әсер етуі мүмкін. Қылмыстың негізгі тікелей объектісі-қоғамдық адамгершілік, азаматтардың ары, адамгершілік қасиеттері. Қылмыстың заты-порнографиялық материалдар және заттар. Порнография-шектен шыққан әдепсіздіктер арқылы жыныстық қатынастардың көргенсіз, жүгенсіз түрлерін, астамшылдығын бейнелейтін көрініс болып табылады. Оған әдепсіз кино немесе бейне материалдар, суреттер, картиналар, альбомдар, шығармалар, бұйымдар немесе өзге заттар-аудиожазбалар, порнографиялық компактдіскілер, пластинкалар жатады. Қылмыстың объективтік жағынан порнографиялық материалдарды немесе заттарды тарату немесе жарнамалау мақсатында заңсыз жасау, тарату, жарнамалау, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, суреттерді немесе өзге заттарды заңсыз сату арқылы жүзеге асырылады. Порнографиялық материалдарды немесе заңсыз жасауға осыған жататын шығармаларды, суреттерді, фотобейнелерді толық жасау немесе осындай заттарды монтаждап құрастырулар жатады.

Тарату деп-порнографиялық материалдарды немесе заттарды басқа адамдарға сыйға беру, сату немесе кез келген басқа тәсілмен оларды басқа адамдарға беруді айтамыз. Жарнамалау деп- порнографиялық заттарды, материалдарды басқаларға көрсету, олар туралы шектен тыс көптеген адамдарға ақпарат беруді айтамыз. Сату деп- осы көрсетілген заттарды басқаларға ақы алып беруді айтамыз. Көрсетілген әрекеттердің барлығы заңсыз болады, яғни құзыретті органдардың тиісті рұқсатынсыз жасалады. Қылмыс құрамы формальдық және ол заңда көрсетілген әрекеттердің біреуін істеген уақыттан бастап аяқталған деп табылады. Қылмыстың субъективтік жағы тікелей қасақаналық. Адам порнографиялық заттарды заңсыз дайындайтынын, тарататынын, жарнамалайтынын және сататынын сезеді, біледі және оларды жүзеге асыруды тілейді. Қылмыстың субъектісі-16-ға толған адам [2].

Тарату деп - порнографиялық материалдарды немесе заттарды басқа адамдарға сыйға беру, сату немесе кез келген басқа тәсілмен оларды басқа адамдарға беруді айтамыз.

Жарнамалау деп - порнографиялық заттарды, материалдарды басқаларға көрсету, олар туралы шектен тыс көптеген адамдарға ақпарат беруді атаймыз.

Сату деп - осы көрсетілген заттарды басқаларға ақы алып, беруді атаймыз. Көрсетілген әрекеттердің барлығы заңсыз болады, яғни құзыретті органдардың тиісті рұқсатынсыз жасалады. Сатуды, заң, таратудың бір түрі ретінде, айыптының әрекеттерінің нақты себебіне қарай қарастырылып отырған қылмысты жасаудың бөлек тәсіліне жатқызады. Заң көрсетілген материалдарды немесе заттарды осы үшін қатаң түрде белгіленген жерлерде ғана рұқсат етілген сатуды, таратуды, жарнамалауды ескере отырып, жасаушы әрекеттерінің заңсыз сипаты үшін ғана жауаптылық туралы сөз қозғайды [2].

Порнография құбылысының бүгінгі заманауи қоғамда өз орнын тапқанына қарамастан, бұл дефиниция қазіргі уақытта заң тұрғысында әлі орныға қойған жоқ, ал белгілі тұжырымдамалар қисынсыз. Бүгінде порнография терминіне қатысты қолданылатын түсініктемелер бірнеше онжылдықтар бұрын айтылған пікірлерден

алшақтай қоймады, порнография мінезінің жиі өзгеретіндігіне қарағанда, бұл оның табиғатына қайшы келеді.

Жоғарыда айтқанымыздай порнография терминінің этимологиясына келер болсақ, ол гректің *pornos* – азғын және *grapho* – жазу деген сөздерінен тұрады. Демек, ол жыныстық қатынастың жазбаша нұсқасы немесе әдепсіз мінез-құлық дегенді білдіреді. Кей деректерге сүйенсек, порнография деп Ежелгі Афины еліндегі жезөкшелер үйінің қабырғасын көркемдеген сексуалды мағынасы бар суреттер есептелінген [3]. Бұл суреттер ұсынылатын қызметтердің каталогы іспетті еді. Сондай-ақ клиенттерді тартудың бір жолы болып саналатын. Одан кейін «порнография» термині әдепсіз мінез-құлық пен адамдардың арасындағы жыныстық қарым-қатынасты анайы түрде көрсету үшін қолданыла басталды. Келесі бір пікірге сүйенсек, порнография термині XVIII ғасырда Францияда Ретиф де ла Бретоннаның «Порнограф, немесе әдепті адамның адамның бейәдеп жезөкшелік туралы ойлары» атты кітабы жарыққа шыққан кейін қоғамға сіңді. Қоғам үшін жат және бейәдеп саналатын тақырыптар аталмыш кітапқа арқау болған соң, оның атауы сексуалды бейпілдің атауы сияқты қарастырылатын болды.

Порнография, эротика іспетті баяғы заманнан бері адамдардың сексуалдық өмірінің материалдық тұрғыда бейнеленуі үшін қолданылады. Адамдардың сексуалдығының тарихының бастамасы ретінде адамзат санасының эволюциясын қарастыру әдетке айналған. Бұл, әрине, сексуалдық нышаны бар суреттерді зерттеудің түсініктемесі болып саналады.

1910 жылы Париж қаласында өткен 4-ші Халықаралық конгресте порнография терминіне алғаш рет ғылыми негізде түсініктеме берілді. «Өзінің бет пішіні, дене күйімен сексуалдық өмір туралы бұрыс пікір туындатып, автордың анайы ойлары мен әжуасынан сыр шертіп, мәдениетсіздігін көрсететін» барлық пікірлер мен әрекеттер порнография болып саналады. Порнографияға берілген алғашқы түсініктемеде шыны керек, нақтылық болмады. Өйткені әдепсіздік, анайы ойлар мен әжуа сынды терминдердің өзіне мардымды түсініктеме берілмеген болатын.

А.П. Евгеньеваның редакциялығымен жарыққа шыққан сөздікте әдепсіздік сөзінің синонимі ретінде «әбестік» пен «ұятсыздық» сөздері ұсынылады. Бұл орайда ұятсыздық деп бұрыс қылық, әрекет үшін қатты абыржу саналса, әдептілік деп өзіңді дұрыс ұстау ережелері түсіндіріледі [Бұл категориялар, оның ішінде ұялу категориясы тұлға түсінігінің мінездемесін жасауға көмектеседі. Өйткені ол әр адамда әр түрлі көрсетіледі. Демек, «әдепсіздік» терминіне түсініктеме беру барысында қоғамның кей бөлігінің белгілі бір тарихи кезеңдегі көзқарасы мен мінезін де ескеру қажет. Бұл орайда бір мемлекет территориясында тұратын әртүрлі аймақ тұрғындарының қоғамдық ойлары мен ережелері едәуір ерекшеленетіндігін білген жөн. Сексуалдық әрекеттердің әртүрлі көрінісіне (суреттері мен жазбаларына) адамдардың көзқарасының әрқилы болуы олар тәрбиеленген қоғамдағы консервативтік, дәстүрлі және прогрессивті бағыттағы «мектептер» мен ағымдар да өз қолтаңбасын қалдырады [4]. Сонымен қатар сексуалдық тақырыпты ашық көрсететін суреттер мен жазбаларды қабылдауы мен баға беруіне адамдардың жас ерекшелігі, оның діни сенімі мен адамгершілік қағидалары, өзге де факторлардың әсер етуі түсінікті. Негізінен эротика да, порнография да адамның сексуалдық өмірінің көрінісі болып табылады, және төмендегі ортақ функцияларды орындайды: жыныстық қатынасқа итермелейді; уақыт өткізудің бір жолы саналады; ақпарат көзі болып табылады. Бұл пікірмен келіспеуге тырысып көрелік. Порнографиялық

материалдарды немесе заттарды тарату халықаралық сипаттағы қылмысқа жатқызылуы, оның жеке адамның рухани өміріндегі жеке құқына қол сұғу емес, оның барлық адамзаттың ізгілік басымдықтарына кесірін тиігзуі, яғни жекелей емес, көпшілік сипатын алып отырғанына туындап отыр. Аталған әрекеттер бүкіл адамзаттың денсаулығына және бүкіл әлемдік моральдік стандарттар мен құндылықтарға қол сұғушы қылмыстар деп санаймыз. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды таратумен қатар бұл қылмыс тобына есірткі, психотроптық заттардың заңсыз айналымы және халықтардың мәдени құндылықтарына қол сұғушылықтар кіреді.

Сексуалдылық өз кезегінде «тұлға мен оның әрекетінің сексуалды-эротикалық компоненттерінің кешенді мінездемесін» білдіреді. Сексуалдық компоненттер жыныстық әуестікті орындайтын соматикалық процестердің жиынтығы саналса, эротика дегеніміз ол әрекетке ынталандыратын қиял мен күйзелу, елестету, ойлау сынды сезімдердің жиынтығы болып табылады.

Жалпы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жазаның түсінігіне тоқталып өтсек, қылмыстың белгісінің бірі болып оның жазаланатындығы табылады. Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 39-бабында «жазаның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылатындығы» туралы айтылған [5].

Қоғамның, мемлекеттің, жеке адамның құқықпен қорғалатын мүдделеріне қауіпті қол сұғушылыққа, мемлекеттің құқықтық әсер етуі, қылмыстық заңда қандай қоғамға қауіпті әрекеттердің қылмыс болып табылатындығы, оны жасаған тұлғаларға қандай жазалар мен қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар қолданатындығынан көрінеді. Әрекетке тиым салынбаса және кінәліге қылмыстық заңды қолданбаса, қылмыстық заң қоғамдық қауіпті деп санайтын тек мінез-құлықтың тізімі ғана болып, мемлекет қоғамдық қатынастарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғай алмас еді және қылмыстың алдын-ала алмас еді.

Яғни, порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату қылмыстары үшін жазаны дифференциациялау заңдық дәрежеде қылмыс құрамының нақты және логикалық қалыптасуын иеленеді.

Егер бұрынғы және қазіргі қылмыстық заңнаманы салыстырсақ, онда қазіргі кезде әрекет етіп тұрған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату қылмысын жасағандығы үшін жаза әр түрлі екендігі көруге болады. Мысалы, орташа ауыр қылмыстар үшін, жазаның негізгі түрі ретінде (ҚР ҚК-нің 311-бабы): айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру болып табылады [5].


Аталған әрекеттердің қоғамға туғызып отырған қатерін және таралымдылығын ескеріп, оны халықаралық сипаттағы қылмыс ретінде танып, конвенцияға қатысушы мемлекеттерге бұны ауыр қылмысқа жатқызып, оны жасағаны үшін берілетін жазаны қатаңдандыру жөнінде ұсыныс беру. Конвенцияда балалар порнографиясына түбегейлі қылмыстық-құқықтық тыйым салынғанын нақтылау маңызды болып табылады. Бұл қылмыстық жауапкершілік 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдерді нақты және құрастырылған зинақорлық қатынас объектісі ретінде жазылып, бейнеленген порнографиялық материалдар мен заттарды тарату, сондай-ақ жеке мақсаттары үшін сақтауға да бірдей туындауы қажет.

Мұндай мақсатта мемлекеттерге өздерінің қылмыстық заңнамаларында арнайы нормаларды қарастырып, немесе аталған әрекеттерді қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормаларға енгізуді ұсыну керек.

Әлемдік Интернет компьютерлік жүйелерде қылмыстық кәсіп және ұйымдасқан қылмыстық топ түрінде жасалған әрекеттер ретінде, порнографиялық материалдар мен заттарды таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту және жазалау тиімді болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Люблинский П. И. Преступления в сфере половых отношений. М-Л., 1925. - С. 210.
2. Қылмыстық құқық. (Оқулық). Ерекше бөлім. Ағыбаев А.Н. 2016 ж. Алматы.
3. Воловиков Б.П. К вопросу о нормативном определении порнографии / Б.П. Воловиков, Д.А. Артамонов // V Омские торгово-экономические чтения: Материалы Международной научно-практической конференции. - Омск, 2007. - С. 43.
4. Российский энциклопедический словарь: В 2 кн. / Гл. ред. А.М. Прохоров. - М., 2001.
5. ҚР Қылмыстық кодексі. 2014.ж. 3 шілді (Өзгертулер мен толықтырулар 31.12.2021ж.).



ӘОЖ 343.76-33

ҚЫЛМЫСҚА СЫБАЙЛАС ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН ЖАЗАСЫН ДАРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумагулова Багира Пісбекбайқызы

«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымының магистрі

Дәулетжан Мухтархан Нұржанұлы, 2 курс магистранты

«Экономика және құқық» факультеті

«М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті» КЕ АҚ

Аңдатпа. Баяндамада қазіргі Қазақстан қоғамындағы қылмыстық заңға қатысты басты бағыт заң нормаларын ізгілендіру, бас бостандығынан айыру жазасын қолдану көлемін немесе оның мерзімдерін азайту болып табылатындығы ескеріліп, алдағы уақыттарда сыбайлас қатысушылықпен жасалған қылмыстарға да бұл мемлекеттік саясаттың қатысы бар екендігі және жауаптылық пен жазаны қылмысқа сыбайлас қатысушыларға белгілеуде де қолданылатыны жөніндегі мәселе қарастырылған.

Кілтті сөздер: қылмыстық кодекс, практика, принцип, критерий, психика, роль.

Аннотация. В докладе учтено, что основным направлением уголовного права в современном казахстанском обществе является гуманизация правовых норм, сокращение объема наказания в виде лишения свободы или его сроков, и что эта государственная политика также относится к преступлениям, совершенным с соучастием в будущем, а также используется при определении ответственности и наказания соучастников преступления.

Ключевые слова: уголовный кодекс, практика, принцип, критерий, психика, роль.

Annotation. The report takes into account that the main direction of criminal law in modern Kazakh society is the humanization of legal norms, the reduction of the amount of

punishment in the form of imprisonment or its terms, and that this state policy also applies to crimes committed with complicity in the future, and is also used in determining the responsibility and punishment of accomplices in crime.

Keywords: criminal Code, practice, principle, criterion, psyche, role.

Жаза мен жауаптылықты даралау қылмыстық құқықтың аса маңызды қағидаларының бірі болып саналады. Қылмыстық құқық ғылымында жаза мен жауаптылықты даралауға қатысты даулылық ерте кездерден-ақ қалыптасқан. Бұл қағиданың түсінігімен кеңес үкіметі кезіндегі зерттеушілер де айналыса отырып, нәтижесінде әрқелкі пікірлер қалыптасқан. Мысалы, И.И. Карпец «Кеңестік қылмыстық құқықтағы жазаны даралау - бұл жазаны қолдану арқылы қылмыскерді түзеуге, қайта тәрбиелеуге қол жеткізуге болатын жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын, кінәлінің жеке басын, қылмыстың ауырлататын және жеңілдететін жағдайларын, сонымен қатар осы қылмыскер және өзгелер тарапынан да жаңадан қылмыстар жасалуының алдын -алуға болатындығын білдіретін қағида болып саналады» [1].

Жаза мен жауаптылыққа даралай қарау қағидасының өмір суру себебіне тоқтала кетер болсақ, онда бұл қағиданың өмір сүруін екі негіздемемен дәлелдеуге болады. Бірінші себебі - жоғарыда айтқанымыздай, қылмысты әрекет жасаған әр бір адамға жеке-дара қарай отырып, оның қоғамға қауіптілігі туралы қандай да бір баға беруді немесе бір қылмыс түрін жасаған адамдардың да көптеп кездескенімен олардың қауіптілігін бірдей бағаламай, жеке құқықтық баға беруді, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылық сияқты екі немесе одан көп адамдардың бірлесе отырып қылмыстық ниетін іске асырған адамдардың әр қайсысының қауіптілік деңгейін жекеше бағалауды білдіреді. Екінші себебі - ол жазаның мақсатына жетудің бір амалы ретінде әр қылмыскердің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына сәйкес келетін жаза, жауаптылық түрі мен көлемін белгілеу арқылы жазаның мақсатына, яғни сотталған адамды түзеудің тиімді құралын қолдану болып табылады.

Жазаны даралауға қарағанда жазаны даралау принципін іске асыру күрделі мәселе болып саналады деп түсіну керек сияқты. Себебі жаза мен жауаптылықты даралау мәселесімен қылмыстық заңның тікелей өзі айналысып, ол туралы арнайы ережелер келтіргендіктен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысы бір шама түсінікті және жеңіл болса, ал жауаптылықты даралау туралы қылмыстық заң арнайы қолдануға жеңіл құралдар келтірмегендіктен, соттардың тек адамға өз бағалауы негізінде жаза немесе жауаптылық белгілеуі қажет болатындықтан, бұл мәселе барлық соттармен бір келкі шешіле бермейді. Жауаптылықты даралау қағидасы шын мәнінде соттардың жеке көзқарасына тәуелді болып, нәтижесінде қылмысы және жеке қауіптілігі ұқсас екі қылмыскерге қолданылған жаза екі түрлі деңгейде болып кездесуі әбден мүмкін. Өйткені жазаны, жауаптылықты даралай отырып қолдану қағидасы практика қызметінде бағаланушы ұғым ретінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын даралаудың негізі және қатысушылықпен жасалған қылмыстардың қоғамға қауіптілігін анықтаудың бір көрсеткіші - ол кінә дәрежесіне байланысты. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылық ҚР Қылмыстық кодексінің 27-ші бабына сәйкес, тек кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталатын іс-әрекеттер болып табылады. Егер, абайсыздықпен жасалған қылмыстарға қарағанда қасақаналықпен жасалған қылмыстар ауыр болып саналады дейтін қорытынды жасасақ, онда қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу арқылы жасалған қылмыстар да іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігін ауырлатуға және қылмысты жеке адам түрінде жасағанға қарағанда бірлескен түрде жасау үшін жауаптылық қатаңырақ белгілеуге бірден-бір негіз болып табылады. Біздің бұл шешіміміз негізді болуы керек, себебі ҚР Қылмыстық кодексінің 11-шы бабы абайсыздықпен жасалатын қылмыс түрлерін ауыр және аса ауыр қылмыстар санаттарына жатқызбаған [2].

Біз қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықтағы жауаптылықты даралаудың басты критерийінің бірі ретінде сыбайлас қатысушылардың арасындағы кінә

дәрежелерінің әр келкілігін ретінде тани отырып, бізге дейін осы мәселені зерттеумен айналысқан ғалымдардың кінә дәрежесі кінәлінің әрекетке және оның салдарына деген әр түрлі психикалық қатынастарын сипаттайтын жағдайлармен анықталады деген пікірімен келіскенді жөн санаймыз [3].

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылық мәселесінде қылмыстан бас тарту кез-келген қатысушыда орын алуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда аталған тәріздіс жағдайларда ұйымдастырушының өзінде де кінә дәрежесі өзгелерге қарағанда төмен болады.

Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықта кінә дәрежесі әдетте қылмыстың жасалуына басты себепші болған сыбайлас қатысушыларда жоғары болады, бірақ істің нақты жағдайларына қарай кейбір жағдайларда ұйымдастырушы, азғырушы, орындаушыда төмен болуы да мүмкін деп ойымызды қорытындылаймыз.

Қылмыстық жауаптылықты даралаудың келесі негізі жасалған қылмыстың және қылмыскердің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі болып табылады.

Біздің ойымызша, қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықтың кез-келген нысанында қоғамға қауіпті әрекеттерді жасау міндетті түрде жауаптылықты ауырлататын жағдай болып саналуы негізді. Себебі қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу орын алғанда бір адамның қолынан оңай келе бермейтін, орындалуы қиын әрекеттер жасалады немесе кем дегенде қылмысты ниетін қанағаттандырудың жолы жеңілдейді. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылық институтының құқық тарихында пайда болуының негізі де осыған байланысты болуы мүмкін. Бірнеше адамдар бірлесіп топ болып қылмыс жасағанда кейбір қылмыс түрлерінде заңмен қорғалатын бір объектіге бірнеше зиянды әрекеттер жасала алады. Мысалы әр бір сыбайлас қатысушының жәбірленушіге жасаған жыныстық әрекеті. Сонымен қатар рөл бөле отырып қылмыстық ниетті қанағаттандырғанда қылмыстың оңай жасалу жолдары ғана емес, сонымен бірге қылмысты жасыру, ізін жою жақтары да ойластырылады. Ал тұрақтылық және беріктік белгілерімен сипатталатын ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық сияқты нысандар қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықты сөзсіз ауырлататын жағдай ретінде тануға негіз береді. Мұның дәлелі ретінде ұйымдасқан топпен, қауымдастықпен жасалған қылмыстардың қылмыстық құқықта келте құрамдар ретінде анықталуын келтіруге болады. Осындай негіздерде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықтағы іс-әрекеттердің сипаты қоғамға қауіптілікті ауырлатады және жауаптылықты күшейте қолдануға соттарға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын даралау туралы сөз қозғағанда қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипатын ескеруіміз керек.

Жазаны даралау үшін соттар жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін де ескеруі керек, яғни осы қылмыстың өзге ұқсас қылмыстармен салыстырғанда қауіптілік көлеміне де бағалау жүргізуі керек. В. Ткаченконың пікірінше, қоғамға қауіптілік дәрежесі - бұл қылмыстың сандық жағы және нақты объектіге немесе мүддеге келтірілген зардаптың көлеміне қарай анықталады [4].

Біздің ойымызша, қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушыларға жаза мәселесін шешкенде соттар осы сыбайлас қатысушылықпен жасалған қылмысты бүтіндей алғандағы қоғамға қауіптілік дәрежесін және әр бір қатысушыға жаза жеке-дара белгіленетіндіктен, олардың қылмыскер ретіндегі қоғамға қауіптілігін мөлшерлеп анықтауы керек деп ойлаймыз. Мөлшерлеп деген сөзді қолдану себебіміз, ол қылмыстың және қылмыскердің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты сандық және сапалық өлшемдерге келеді деп жоғарыда айтқанмен, бұл мәселеге нақты келгенде дәл өлшем жасау мүмкін еместігінде. Бұл пікір ҚР Жоғарғы Сотының жетекшілік сипаттағы ережелерінде де келтіріледі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын даралай отырып, белгілеуде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылықтың жалпы қоғамға қауіптілігін және сыбайлас қатысушылықпен жасалған қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты мен дәрежесін, сонымен

қатар сыбайлас қатысушының да жеке басының қауіптілік дәрежесі мен сипатын, отбасылық жағдайы сияқты басқа да жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, кінәлінің түзелуіне әсер ете алатын жаза, жауапкершілік түрі қолданылуы керек деген қорытынды жасаймыз.

Нақты айтқанда, қылмыстық жауаптылықты даралау-қылмыстық жауаптылыққа тартудағы даралауды, жазаны тағайындау кезіндегі даралауды және жазаны атқару кезіндегі даралауды қамтиды. Бұл даралау түрлері қылмыстық жауаптылықты даралаудың кезеңдерін білдіріп, нәтижесінде қылмыстық жауаптылық деген бір тұтас ұғымды білдіреді [5]. .

Қылмыстық құқық жауаптылықтың аяқталу кезеңін соттылықтың алынған кезеңімен анықтайды. Біздің ойымызша, сотталған адамға жазадан босатылғаннан кейінгі кезеңдерде де жауаптылықты даралау қолданылады.

Себебі, жаза өтеуден босатылған адамдарға соттылық мерзімі кезеңінде әкімшілік бақылау жүргізетін органдар адамның мінез-құлықына қарай бақылау шараларын күшейтеді немесе жақсы жақтарынан көзге түсіп, өзінің түзелгендігін көрсете білсе, онда бақылау шараларының көлемін азайтады. Мұндай жағдайда да бұрынғы қылмыскерлердің қоғамға қауіптілік дәрежелері ескеріле отырып, нақты жауаптылықтың түрлері белгіленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Карпец И.И. Индивидуализация наказания в советском уголовном праве. М., 1961.
2. ҚР Қылмыстық кодексі. 2014. 3.шілде. (Өзгертулер мен толықтырулар 2021ж.)
3. Дагель П.С., Котов Д.П. Субъективная сторона преступления и ее установление. Воронеж, 1974.
4. Уголовно-правовая политика и пути ее реализации. Ленинград, 1986
5. Дулатбеков Н. Қылмыстық жаза тағайындау. Астана, 2002. 446 б.



УДК 34.01 Ю 77

КОНФЛИКТНЫЙ ТЕКСТ ПО ЮРИСЛИНГВИСТИКЕ

**Абилдаев Сұлтан Таласбаевич -PhD доцент кафедры «Экономика»
Салимжан Абылай Медетулы -студент группы 6В04214/20-3
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати**

Андатпа. Бұл мақалада ар-намысты, іскерлік беделді қорлау мен қорлаудағы заңгерлік зерттеулердің мәселелері қарастырылған. Қазіргі қоғамда азаматтар мен заңды тұлғаларға конфликттік мәтіндерді түсіндіру, түсіндіру және сәйкестендіру бойынша жоғары білікті заңгерлік және лингвистикалық көмек алу қажеттілігі туындады. Бұл мәселелерді шешумен заңгерлік лингвистика немесе юрислингвистика айналысады. Құқық лингвистикасының позициясынан кең мағынада түсінілетін конфликттік мәтін құқықтық категориялармен корреляцияланады, яғни заңдылық/заңсыздық, заңдылық/заңсыздық тұрғысынан қарастырылады.

Кілт сөздер: юрислингвистикалық, конфликттік мәтін, лингвистикалық сараптама, лингвистикалық құқық бұзушылық, компонент, фрейм.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы юрислингвистические исследования при унижении и оскорблении чести, деловой репутации. В современном обществе наблюдается потребность в получении высококвалифицированной юридической и лингвистической помощи гражданам и юридическим лицам по вопросам истолкования, интерпретации и идентификации

конфликтных текстов. Решением этих задач занимается юридическая лингвистика, или юрислингвистика. С позиции юрислингвистики конфликтный текст, понимаемый в широком смысле, соотносится с правовыми категориями, то есть рассматривается с точки зрения законности/незаконности, правомерности/неправомерности.

Ключевые слова: юрислингвистический, конфликтный текст, лингвистическая экспертиза, языковое правонарушение, компонент, фрейм.

Annotation. This article discusses the issues of jurislinguistic research in the humiliation and insult of honor, business reputation. In modern society, there is a need to receive highly qualified legal and linguistic assistance to citizens and legal entities on the interpretation, interpretation and identification of conflict texts. Legal linguistics, or jurislinguistics, deals with the solution of these problems. From the position of jurislinguistics, the conflict text, understood in a broad sense, correlates with legal categories, that is, it is considered from the point of view of legality / illegality, legality / illegality.

Keywords: jurislinguistic, conflict text, linguistic expertise, linguistic offense, component, frame.

Юрислингвистические исследования, востребованные в разных сферах социальной жизни, проводятся и в связи с правонарушениями, совершаемыми посредством речевой деятельности и ее продуктов (текстов, дискурсов). Экспертиза в таком случае проводится с целью получения доказательственной информации, при этом лингвистический предмет – текст – должен быть подведен под правовую категорию – норму закона. Экспертное исследование, не делая юридических выводов, определяет языковые основания для принятия правовых решений. В этом смысле проведение лингвистической экспертизы есть первичная юридикация текста – свое окончательное юридизированное бытие текст получает в судебном решении, закрепляющем одну из возможных его интерпретаций в качестве истинной. Настоящая статья посвящена исследованию модели, по которой осуществляется первичная юридикация конфликтного текста. [1]

Основным методологическим принципом юрислингвистического исследования является опосредованное рассмотрение лингвистических объектов сквозь призму закона.

Поскольку экспертиза как процессуальное действие проводится в целях установления обстоятельств, подлежащих доказыванию по конкретному делу, то экспертное лингвистическое исследование ведется по особой модели, структура которой отражает юридически значимые обстоятельства, зафиксированные той или иной статьей закона. Для вычленения специфики лингвистического экспертного исследования необходимо обратиться к той внеязыковой (правовой) системе, которая является причиной создания экспертизы, организующим, определяющим ее содержание фактором. Поскольку объект лингвистической экспертизы – языково-речевой конфликт (в частности – конфликтный текст), оказавшийся в сфере действия права, – имеет двойственную природу: это феномен языка и соответственно объект лингвистического рассмотрения, и феномен права и юридического рассмотрения, нельзя понять специфику экспертного исследования, не учитывая юридических факторов его появления. [2]

Текст, будучи объектом экспертного исследования, подвергается анализу в определенных параметрах, заданных той моделью, которая специфична для данного

вида лингвистических исследований и которая обусловлена его (текста) юридическим функционированием. Схема, на основании которой конструируются статьи о правонарушениях, есть состав правонарушения, включающей в себя такие компоненты, как субъект, объект, объективная и субъективная стороны правонарушения. В соответствии с юридической схемой исследования правонарушений в зависимости от их видов определяется экспертное задание, с тем чтобы установить, имеются ли в конкретном деянии признаки состава правонарушения. Наблюдения над текстами экспертных лингвистических заключений позволяют утверждать, что в вопросах эксперту всегда актуализируются значения, также восходящие к тому или иному компоненту состава правонарушения.

Конфликтный текст, получивший юридическое функционирование, становится вербальным действием, вербальным поступком, который должен оцениваться в системе всех признаков этого поступка, т.е. субъекта действия, объекта, на который оно нацелено, субъективной стороны (= интенциональный аспект вербального поступка) и, наконец, объективной стороны – то, какие средства были использованы для осуществления вербального поступка, при каких обстоятельствах он был совершен и пр. Только в системе всех этих признаков можно понять и оценить юридическое значение вербального акта в каждом конкретном случае. Ср.: «Поскольку коммуникативный акт – вид действия, при его анализе используются те же категории, которые необходимы для характеристики и оценки любого действия: субъект, цель, способ, инструмент, средство, результат, условия, успешность и т.п. [3]

Субъект речевого акта – говорящий или пишущий – производит высказывание, как правило, рассчитанное на восприятие его адресатом. Высказывание выступает одновременно и как продукт речевого акта, и как инструмент достижения определенной цели...». Конфликтный текст, вовлеченный в сферу юридической практики, представленный на экспертизу, на наш взгляд, должен анализироваться как дискурс, понимаемый как «особая форма использования языка», как «речь, погруженная в жизнь», как речевое действие, которое всегда «актуально, субъективно и утилитарно». Анализ конфликтного текста должен представлять собой анализ конфликтного события, другими словами, лингвистическое исследование должно проходить в широком экстралингвистическом контексте. По словам Е.С.Кубряковой, «дискурс создает текст, который, таким образом, оказывается регистрацией (record) коммуникативного акта, осуществленного в устной или же письменной форме». Анализируя текст, извлекая из него дискурсные характеристики, эксперт представляет, таким образом, ситуацию речевого конфликта. Лишь при таком подходе, по нашему мнению, можно прийти в результате экспертного исследования текста языкового правонарушения к адекватным выводам. Ср. также идею Б.Я. Шарифуллина о необходимости нормативной легализации понятия «языковая агрессия» и «языковое насилие», следствием чего будет анализ конфликтного *речевого события*, а не *текста*. При таком подходе эксперт «сумеет «восстановить» и аргументативно представить всю «цепочку» данного речевого события: интенции автора анализируемого текста и его коммуникативную стратегию, выбор им определенных речевых тактик, их реализацию в «прочитываемых» инвективных жанрах, языковое воплощение данных жанров в соответствующих инвективных единицах языка».

Поскольку существует некая модель текста – поступка, обладающего определенными характеристиками, значимыми для юридической практики, то должны быть и некоторые лингвистические закономерности, позволяющие описать, проанализировать такого рода вербальный поступок. Ср.: «Использование собственно лингвистических технологий при анализе такого сложного явления, как конфликтный текст, на наш взгляд, было бы неполным. Необходимо при анализе языковых и речевых сущностей учитывать более широкий социально-психологический контекст. Это невозможно без обращения к когнитивным категориям».

Поскольку вышеназванные статьи законов регулируют определенную сферу человеческих отношений («стереотипные ситуации» речевого поведения), то и анализироваться, интерпретироваться, описываться эта сфера должна по определенной схеме, учитывающей важнейшие юридические и лингвистические характеристики. В качестве такой схемы, в качестве единицы познания стереотипной ситуации, как представляется, целесообразно использовать фрейм.

Любая из статей о языковых правонарушениях может рассматриваться с точки зрения фреймов как особой структуры представления знаний. Ср.: «Различаясь по типу и характеру противоречивости, конфликтные формы общения могут развиваться в строгом соответствии с их *типовой* (т.е. заданной и определенной конкретным иллокутивным потенциалом) *фреймовой конфигурацией*, в которой имеется соответствующий инвентарь показателей (как языковых, так и социальных) (курсив мой. – О.М.) ролевого репертуара участников, их установок (как личностных, так и коммуникативных) и набор их речевых (как согласованных, так и противодействующих) действий, соответствующих конкретному типу фреймовой конфигурации». Каждый из этих фреймов входит в качестве составной части в суперфрейм *злоупотребление свободой слова*.

Лингвистический анализ конфликтного текста, предположительно содержащего состав языкового правонарушения, ведется путем определяемого экспертным заданием исследования компонентов, входящих во фрейм *языковое правонарушение*.

Лингвистические категории события и оценки трансформируются в принципиально важные для юриспруденции категории факта и мнения, от различения которых зависит квалификация тех или иных высказываний как соответствующих так и не соответствующих действительности. Практика лингвистической экспертизы свидетельствует о том, что сложились определенные подходы к разграничению сведений и мнений (в другой терминологии – информации и суждений, оценочной и событийной информации) в конфликтном тексте. [6]

Интенция автора конфликтного текста соотносится с пониманием его адресатом (конкретным, массовым, экспертом, судом и т.д.). Интенция – одна из важнейших характеристик языкового правонарушения, позволяющая отграничить намеренное создание конфликтогенного текста от случайного. Отбор информации и способы ее подачи в конфликтном тексте задаются соответствующей интенцией. Распознавание интенции, как представляется, строится на принципе сужаемой вероятности. Интенция растворена в тексте. Лингвист эксплицирует ее глубинным семантическим, прагматическим, стилистическим – комплексным всесторонним анализом текста. Отвечая на вопрос, зачем употреблено то или иное языковое средство, эксперты восходят к коммуникативной интенции. Особенно значимо в

этом плане любое отступление от нормы, очень информативен оказывается анализ аксиологического аспекта конфликтного текста. Наблюдения над экспертными заключениями позволяют утверждать, что определяющим параметром для итоговой экспертной лингвистической квалификации текста является интенциональный компонент: конфликтотенные языковые средства юридически нерелевантны в случае отсутствия конфликтной интенции, и, наоборот, может быть юридизировано все, что на нее «работает». [4]

Принятая логика суда и экспертизы исходит из презумпций классической (структурной, системной) лингвистики, а именно результат воздействия конфликтотенного текста оценивается не по самому воздействию, а по его возможности. Презумпции лингвиста-эксперта направляют его на поиски ответа на вопрос: может ли то или иное языковое средство оскорблять, порочить честь, достоинство и деловую репутацию, и это соответствует юридическим презумпциям. По существу, в таком случае экспертизе подвергается (речевое) средство, но не (речевое) действие, каковым является речевой акт, который в современной лингвистике рассматривается как полноценная деятельность со всеми ее компонентами – мотивом (намерением, интенцией), целью, способами и средствами осуществления, результатом.


